



ТІРШІЛІК

Солқылдақ балапан қайыңның ұшар басына қонақтаған мамық қар қараған жанның жанарын жасытып, көз қарықтырып, күміс сәукеле тәрізді төңірегіне уыс-уыс сәуле шашып тұр. Биік көктен билеп ойнап жауған қар кең даланың керіскейде керілген кеудесін кіршіксіз ақ мамықпен қымтап, сай-саланы тегістеп, жып-жылмағай қылған. Қайың шоқтың бауырындағы жүз қаралы жылқы тебіндеп жүр. Биыл жаз ерен ылғалды болды. Шөп те бітік шықты. Ауыл елдегі мал ұстаған ағайын керегін шауып, жинап алғанымен, шалғы тісі тимеген қырдың, ағаш бауырының шөбі мұрты бұзылмай сол күйінше қар астында қалды. Арғы жылғыдай емес, биылғы қыс жылқы малына жайлы болмақ. Жаз бойы қамап ұстағаннан кейін күйі тайған қос-қос жылқы еркіндікке енді жетіп, әлі бояуы да оңа қоймаған жоңышқаны жайпап жатыр.

СОҒЫМЫҢДЫ САЙЛАДЫҢ БА?



Жылқы іздеп шыққан Қонысбай мал иесімен ұзақ саудаласқан. Тастап кетейін десе, көзі қимайды. Алайын десе, бағасы удай. Мал иесі жеті жасар бие дегенімен, ел ішінде өскен бала емес пе, жылқы жайын жетік білмесе де қарагер биенің нақ бір 10-12 қар басқанын іштей шамалап тұр. Бие болғанда да көшелі, шоқтығы биік, жаясы бір адам көрпе төсеп еркін жатқандай етті мал екен. Мал иесі семіртпесе де, дәл қазір жығып алса, екі елі еркін шығатын қарагер биенің құнын 400 мыңнан түсірмей қойды.

Сауданың сәті келмегеннен кейін амал жоқ, кері бұрылған Қонысбай қалаға жеткен соң, облыс орталығында сатуға арнап мал ұстайтындармен тілдесті. Базар жағалап жылқы етін сатып тұрғандардың наркын білді. Сөйтсе, биылғы жылы жылқы еті өткен жылғымен салыстырғанда біршама қымбаттапты. Оның себебін Қонысбай елге барғанда естіп келген. Бұрынғыға қарағанда, елдегілердің қолында жылқы малы азайған. Әсіресе былтырғы жылы қыс ішінде жанбыр жауып, жылқы малы жұтқа ұшырады. Содан соң қара мал ұстаушылар көбейген. Өйткені, жылқыға

қарағанда қара малды өткізу оңайлау, әрі бағасы да әне бір жылдағыдай емес, жілігі татымды. Оның үстіне мал тұқымы азған, әсіресе жылқы малы. Үйірге салар құтпан айғырлар көзден бір-бір ұшқалы тайын жабағы, жабағын құлынға ұқсап кішірейіп барады. Ал шөк жұлдыздай шағын ауылдағы азды-көпті мал ұстаған ағайындар бірігіп, ортадан ақша шығарып тұқымы тәуір, етті, көшелі айғыр сатып алып, жылқы тұқымын жақсартуға, жанартуға өзара келісе бермейді. Ұсыныс жасаушылар бар да, ұйымдастырушылар жоқ. Айғыр жанартылмағасын жылдан-жылға жылқының тұқымы азып, денесі шағылданып, көрер көзге шөгіп барады.

Қонысбай орталық базардағы еттің бағасын шолып өтті. Бармақ, екі елі қазысы бар жылқы еті әр келісі 1500 теңгеден сатылып жатыр. Осы арада тұрып, елден ет таситын делдалдармен сөйлесті. Олар да кәсібінің қыр-сырын көлденең көк аттыға ашылып айта бермейді екен. Абырой болғанда, облыс орталығында бір мектепте оқыған Аллаберген жолықты.

— Осы жұрт біз сияқты етпен айналысатын кәсіпкерлерді оңай ақша табатындар деп есептейді. Осы жолы саған өтірік, маған шын жылқы іздеп бармаған жерім жоқ. Мың шақырым жол жүріп келдім. Ел ішінде тақа бір қысылғандар болмаса, дәл қазір топырлатып жылқы сатып жатқандар жоқ. Бәрі соғымның бағасын тосып отыр. Баға болғанда да қатып қалған тұрақты баға жоқ. Сауданың сәтіне орай, кейде арзан мал кездесіп қалады, онда да шұғыл қаражат қажет болып қысылған тіреу болса.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Күні кеше ғана «Қазақстандағы жаңа индустрияландыру» жалпыұлттық телекөпір аясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев онлайн-режимде бірқатар жаңа өндіріс орнын ашып, Қазақстан бойынша инфрақұрылымдық жобаларды іске қосуға тапсырма берді. Осы телекөпір барысында барлығы 23 ірі өндіріс іске қосылды. Ал жалпы индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асыру жылдарында 4 трлн теңгенің 961 жобасы іске қосылып, 90,6 мың тұрақты жұмыс орны ашылыпты. Биыл жыл басынан бері 179,2 млрд теңгенің 63 жобасы жүзеге асырылып, 4,8 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылған. Индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асыру басталғаннан бергі аралықта жасалған жобалар бойынша 7,5 трлн теңге шамасында өнім өндірілсе, биылғы 10 айында — 1,8 трлн теңгенің өңімі шығарылған. Жалпы индустрияландыру, инвестиция тарту және елдегі өндіріс орындарына, инфрақұрылымды дамыту салаларында 25 жылда не істелді? Көлік-логистика қалай дамып жатыр? Осы және басқа бірқатар сауалдың жауабын инвестиция және даму министрі Жеңіс Қасымбек мырзамен сұхбаттасу барысында білдік.



Жеңіс ҚАСЫМБЕК:

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ИГІЛІГІ ШЕКСІЗ

— Жеңіс Махмұтұлы, биыл жалпы ел бойынша барлық салаларда 25 жылда атқарылған толымды істер мен нәтижелі жетістіктер бір қорытындыланып жатыр. Елдің күре тамыры іспетті жол саласы да сіздің министрлікке қарайды. Біз осы ширек ғасырда әуелі әуе жолын қаншалықты жолға қоя алдық?

— Өздеріңіз жақсы білесіздер, ширек ғасырда көлік саласы ауыз толтырып айтарлықтай дамыды және жетістіктеріміз орасан. Бұдан әрі де дами түседі, деген сенімдемін. Азаматтық авиацияның даму кезеңдеріне тоқталатын болсақ, Қазақстан 1991 жылы Тәуелсіздік алған сәттен бастап еліміздің негізгі экономикалық және салалық көрсеткіштері өсу және төмендеу түріндегі маньды өзгерістерге ұшырап отырды. Мысалы, азаматтық авиация саласында 1991–1999 жылдардағы өтпелі кезеңде Қазақстандағы әуе көлігімен тасымалданатын жолаушылар саны 10 есеге қысқарды. 2003–2007 жылдардағы белсенді экономикалық өсу кезеңінде әуе жолаушыларын тасымалдау 108% өсті. 2007–2008 жылдары ғаламдық қаржылық дағдарыс Қазақстан авиакомпанияларының жолаушыларды тасымалдау өсімін қысқартқан жоқ. 2009 жылдары экономикалық өсімін жаңғыруы авиажолаушылар тасымалын қайтадан ұлғайтты. Соңғы 5 жылда қазақстандық авиакомпаниялар жыл сайын тасымалдаған жолаушылар саны 44%-ға, яғни 4,1-ден 5,9 млн адамға дейін өсті. Осы орайда тағы бір айта кететін жайт, 2015 жылы Астана мен Алматы әуежайлары қызмет көрсеткен жолаушылар саны бойынша ТМД-ға мүше-мемлекеттердің ірі халықаралық әуежайлар ондығына кірді (Алматы әуежайы — 6 орын, Астана — 10 орын).

(Толығырақ 2-бетте)

БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent) 53.25



DOLAR 335.5

EURO 362



COM 4.95

АЛТЫН (ун.) 1177,60

RUB 5.3

ТҮЙТКІЛ

Тосқауыл қою — көкейкесті міндет



Діни экстремизм мен терроризмді зерттеу барысында біз барлық радикалды топтарды шартты түрде үшке бөлдік — диверсиялық (сырттан арнайы мақсаттары мен жоспарлары бар дайындалған адамдар), жамағаттар (діни негізде біріккен жастар қауымы) және қылмыстық топтар (қарапайым қылмыстық топ, жетекшісінің немесе басқа факторлардың әсерінен діни радикалды топқа айналған).

(Жалғасы 3-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2017

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Аудан, ауыл
1 айға	279,29	297,93
3 айға	837,87	893,79
6 айға	1675,74	1787,58
12 айға	3351,48	3575,16

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫН ТӨТЕ ЖАЗУМЕН ДЕ ОҚИ АЛАСЫЗ

jasqazaq.kz

«Жас қазақ» газетіне 2017 жылы жазылу жалғасуда



Билік

Осы аптада Атырау қаласында Елбасының қатысуымен әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі – еліміздегі бірінші теңіз кен орны болып табылатын Қашаған ресми түрде таныстырылды. Сондай-ақ мемлекет басшысы мұнай саласының өкілдерімен кездесті. Оған инвесторлар, отандық және шетелдік мұнай-газ компанияларының басшылары, мемлекеттік органдардың өкілдері мен мұнай-газ саласының ардагерлері қатысты.



ҒАСЫР ҒАЛАМАТЫ

Қараша айының басында Қашағанда өндіру тәулігіне 75 мыңнан астам баррель мұнай коммерциялық деңгейге жетті. Қазіргі уақытта өндірудің деңгейін арттыру және оны тәулігіне 180 мың баррель деңгейінде тұрақтандыру мақсатында жұмыс жүргізілуде. Жалпы Қашаған кенішін игеру мақсатында алғашқы келісімшарттар 1997 жылы басталған болатын. Қазір Солтүстік Каспийдегі бұл жобаны әлемдік деңгейдегі 7 ірі компания серіктес ретінде бірігіп игеру үстінде. Атап айту қажет, бұл кеніште мұнайдың барланған қоры 38 млрд баррель немесе 6 млрд тонна болса, 1 трлн текше метрден артық газ қоры бар екендігі дәлелденген. 2001 жылы бұл кеніштен алғаш рет мұнай алынып, салтанатты рәсімге Елбасы арнайы



қатысқан болатын. «Ең бірінші бұрғылаудан мұнай шықты деген кезде Атырауға келіп, «қара алтынды» қолымызбен ұстап көргенбіз. Сол кезде 7 жасар Берік Уап деген кішкентай баланы алып келгені

есімде. Міне, қазір алдымызда тұр. Биыл 23-ке келді. Сол арада ол АҚШ, Англия елдерінде университет бітіріп, қазір Қашағанда жұмыс істеп жатыр», — деді Елбасы. Тәуелсіздіктің құрдасы, жас мұнайшыға Президент бұл жолы да батасын беріп, бақыт тіледі. Қазақстанның жоғары білікті, озық ойлы жас мамандарына сенім артатындығын жеткізді. Осыған дейін еңбек еткен аға буын өкілдерінің ерен еңбегін жалғастыруға шақырды.

Елбасы экономиканы дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру ісінде мұнай-газ индустриясының айрықша манызы бар екенін атап өтті. Қашаған кен орнының ашылуы соңғы 50 жылда әлемдік энергетика саласындағы ең елеулі оқиға болды. Қашаған отандастарымыздың игілігін еселей түсетін тағы бір ірі жоба болып саналады. Нұрсұлтан Назарбаев Солтүстік Каспий жобасы тиімді халықаралық ынтымақтастық пен ашық әріптестіктің жарқын мысалы екенін айтты. Қашаған Қазақстан мен ірі әлемдік мұнай компанияларын ортақ мақсатқа жұмылдыра алды. «Eni», «Total», «ExxonMobil», «Shell», Қытайдың ұлттық мұнай-газ корпорациясы, «Imrex» біздің елге бай тәжірибесі мен білімін ала келді. Біздің «ҚазМұнайГаз» да қазір әлемдік деңгейдегі осындай компаниялармен қатар тұрғаны қуантады. Елбасы мұнай-газ саласындағы отандық мамандар біліктілігін арттыруға ден қойылып отырғанына назар аударды. 1998 жылдан бастап отандық 15 мың жұмысшыға кәсіби-техникалық білім беру үшін 250 млн доллар жұмсалды. Осы уақыт аралығында мұнайшылардың тұтас бір буыны даярланды. Жаңа мамандықтар ашылып, теңіз академиясы құрылды.

Қашағанда 11 мыңнан астам отандасымыз жұмыспен қамтылған. Қазақстан Президенті «Келер жылы Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі өтеді. Осында отырған ірі мұнай компанияларының өкілдерін сол көрмеге қатысуға шақырамын. Бұл сіздердің жаңа технологиялық жетістіктеріңізді әлемге танытуға зор мүмкіндік береді деп ойлаймын», — деді. Мұнай саласы өкілдерімен әңгімелесу барысында мемлекет басшысы Атырау облысы ел экономикасын дамытуға елеулі үлес қосып отырған өңірдің бірі екенін атап өтті. Тәуелсіздік жылдары облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдай айтарлықтай жақсарған. Өңір халқының саны 37 пайызға көбейді. 1999 жылғы кезеңнен бері орташа жалақы көлемі 11,5 есе өсті. Облыс толығымен газбен және орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілді, жалпы көлемі 7,3 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды. Кездесу барысында мемлекет басшысына Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев пен энергетика министрі Қ.Бозымбаев мұнай-газ саласындағы қазіргі жағдай мен өңірді дамыту перспективалары туралы баяндалды. Нұрсұлтан Назарбаев телеөпір арқылы мұнай-газ саласындағы ірі нысандардың, атап айтқанда, Қашаған кен орнының, «Болашақ» зауытының, Каспий құбыр желісі консорциумы мен «ҚазТрансОйл» компаниясының мұнайды қайта қуя стансалары жұмысымен танысты. Мемлекет басшысы кездесу соңында мұнай-газ саласының үздік еңбеккерлерін «Барыс», «Парасат», «Достық», «Құрмет», «Еңбек Данқы» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

(өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

277

млрд теңге. Ауыл шаруашылығы министрлігі суармалы жерлерді қалпына келтіруге осынша ақша жұмсамақ

70

млрд теңге. Соңғы 5 жылда жемқорлардың шетел асырып жіберген қаржысы

57

млрд теңге. Елімізде 22 су қоймасын салуға бөлінетін ақшаның көлемі

Аптаның сауалы



Ирина СМЕРНОВА, Мәжіліс депутаты:

«Мемлекеттік газет-журналдардың сапасын жақсарту үшін қандай жұмыс қолға алынып жатыр?»

ЖАУАБЫ:

Дәурен АБАЕВ, ақпарат және коммуникациялар министрі: «Қазіргі таңда басылымдарға қойылған тапсырма – сараптамалық



мақаланың санын көбейтіп, өңірлерде журналистік зерттеуді қолға алу. Осы жүйе қалай бір жолға түседі газеттің оқырманы да көбейеді. Менің ойымша, газет оқырман қауымға ой салуға септігін тигізеді. Біз соған қол жеткізіміз керек. Бұл жуық арада шешіліп, алдағы уақытта мұндай мәселе күн тәртібіне қойылмайды деп ойлаймын»

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТЫ БОЛУДЫ АРМАНДАЙДЫ



Ақтөбе облысында ерлі-зайыптылар 8 жылдан бері КСРО құжатымен жүр. Олар Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында Қазақстан азаматының жеке куәлігін алуды армандайды.

«Керек info» сайты хабарлағандай, Жәдігер Ерматов пен Майра Қанжанова қазір Ырғыз ауданы Қызылжар ауылында тұрады. Олардың Ресейден Ақтөбе облысына көшіп келгендеріне 8 жыл болған. Алайда 54 жастағы ерлі-зайыптылардың әлі күнге дейін құжаты, жеке куәлігі болмағандықтан, мемлекеттен берілетін көмектен де қағылып келеді. Ақтөбе облыстық ІІД басшылығы да бұл азаматтардың әлі күнге дейін құжатсыз жүргендігін растады. Полиция полковнигі Қаныбек Жаксығалиевтің сөзінше, ерлі-зайыптылар бұған дейін қолдарындағы мерзімі өткен, азаматтығы жоқ тұлға мен шетел азаматына берілген ықтияр хатты көрсетпеген. Сол себепті олардың өтініші қанағаттандырылмай келіпті.

Сөз-жебе Бердібек САПАРБАЕВ, Ақтөбе облысының әкімі:



«Өкінішке қарай, соңғы кезде барлығымыз дайын затқа жүгіреміз. Ауылда тұрып нан сатып алған, ет пен сүт, жұмыртқа сатып алған дұрыс емес, ауыл тұрғындарында мұның барлығы болуы керек. Жеңгелеріміз, келіндеріміз, қыздарымыз еріншек болып бара жатыр. Әрине, жағдай жақсарғандықтан болар. Дегенмен, өзімізді өзіміз осындай өнімдермен

қамтамасыз ете білуіміз керек. Ауыл балалары бұрын неге ауырмады? Жетел дегенді білмей өсті. Өйткені, барлығы таза тамақ болатын. Жалаңақ, жалаңбас жүгіріп жүретін. Құмның үстінде ойнайтын»



(Хромтау ауданы Бөгетсай ауылының тұрғындарымен кездесуінде айтқан сөзі)



(Басы 1-бетте)

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ИГІЛІГІ ШЕКСІЗ

Бұл осы саланың дамығанын көрсетеді. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан әлемнің ірі қалаларымен және әлемнің халықаралық қаржы орталықтарымен әуе қатынастарын ашу бойынша белсенді жұмыс жүргізді. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде 36 шетелдік мемлекетпен әуе қатынасы саласында үкіметаралық келісім жасты.

Бүгінгі күні әлемнің 24 мемлекетімен аптасына 410 рейс орындалатын 83 халықаралық бағыт ашылған. Қазақстан ТМД елдерімен — 47 бағыт, Еуроодақ елдерімен — 8, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен — 13, Таяу Шығыс елдерімен 15 бағыт бойынша әуе қатынасын жасайды.

— Теміржол саласында да ауыз

толтырып айтатын бірсыпыра жетістіктер бар ғой деп ойлаймын...

— Иә, әрине! Қазақстанның аймақтары арасында ішкі коммуникацияны қамтамасыз ету, экспорттық және транзитті потенциалды ұлғайту үшін шамамен 2 500 шақырымдай жаңа теміржол салынды. Атап айтар болсам, 2001 жылы Павлодармен Семейді қосқан 187 шақырым «Ақсу—Дегелен» теміржол желісі, 2004 жылы Қостанай мен Ақтөбені жалғаған 404 шақырым «Хромтау — Алтынсарин» теміржол желісі, 2008 жылы шығысымызда 150 шақырым болатын «Шар — Өскемен» теміржол желісі, 2012 жылы Батыс Қазақстаннан Парсы шығанағына дейін Түршіақырыменстан және Иран арқылы тікелей бағдарлы қамтамасыз ететін 146 шақырым болатын «Өзен — Түршіақырыменстан — Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы» теміржол желісі, 2012 жылы Қытайдан Қазақстанның Оңтүстік аймақтарына дейін және Орталық Азияға дейін 550 шақырым арақашықты қысқартқан 293 шақырым болатын «Жетіген — Қорғас» теміржол желісі, 2014 жылы орталық Қазақстаннан солтүстік аймақтарға дейін 540 шақырым арақашықты қысқартқан «Арқалық — Шұбаркөл» теміржол желісі салынды. Сонымен қатар 2014 жылы Қытайдан Еуропаға 1 200 шақырым арақашықты қысқартқан 1036 шақырым болатын «Жезқазған — Бейнеу» теміржол желісі, 2015 жылы Құрық портын магистралдық теміржол желісімен қосқан ұзындығы 14 шақырым болатын «Боржакты — Ерсай» теміржол желісі салынды. Бұдан бөлек, жолаушыларды тасымалдайтын вагондар жанартылып, жүрдек пойыздар іске қосылып жатыр. Мұның барлығы біріншіден, елдің экономикасын еселеп, халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар.

— Қара жердің күре тамыры іспетті, тасжол, яғни автокөлік жолдары... Соңғы жылдары Елбасының тапсырмасымен «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бірқатар ірі жобалар қолға алынып еді.

Жалпы, осы автомобиль жолдары саласындағы жетістіктерді де айта кетсеңіз...

— Мен кейінгі жылдары атқарылған негізгі жобаларға тоқталып өтейін. 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жалпы ұзындығы 7 мың шақырымнан астам 11 автожол жобасының іске асырылуы қарастырылған. Бұл жобалар бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатыр. Жол құрылыс жұмыстарының қарқынды жүруінің нәтижесінде бүгінгі күні Астана-Теміртау, Астана-Павлодар, Алматы-Қорғас, Ташкент-Шымкент, Алматы-Қапшағай-Талдықорған, Көкшетау-Петропавл және Бейнеу-Шетпе учаскелерінде 920 шақырым асфальт-бетон және цемент-бетон жамылғысы салынды. Биылғы жылдың қорытындысы бойынша Астана-Теміртау, Алматы-Қапшағай және Көкшетау-Петропавл қалалары учаскелерінде жол қозғалысын толық ашу жоспарланған. Быыл «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында 75 мың жұмысшы тартылған 8 автожол жобасы іске асырылуда. Жалпы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында жұмыстар бұдан әрі де жалғасатын болады. Сонымен қатар Павлодар қаласында ұзындығы 12 шақырым болатын Ертіс өзені арқылы өтетін көпір өткелін және Қостанай қаласында Тобыл өзені арқылы өту көпірін

пайдалануға беруге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұдан бөлек, ұзақтығы 2 787 шақырым болатын «Батыс-Еуропа — Батыс Қытай» жобасы аяқталуға жақын. Биыл жыл соңына дейін жобаның Қазақстан территориясындағы учаскелері толық пайдалануға берілетін болады.

— Министрліктің атауында тұрған инвестицияға келейікші... Индустриялық жобаларды жүзеге асыру үшін қомақты қаржыны қажет екені мәлім. Қаржы тарту, яғни инвестиция әкелудің де машакаты аз емес. Жалпы осы 25 жылда елімізге қанша инвестиция күйылды және соңғы жылдары тартылған инвестиция көлемі қандай?

— Жалпы, Тәуелсіздік жылдары елімізге тартылған тікелей шетелдік инвестиция 227 миллиард АҚШ долларына жеткен. 2010 жылы басталған Индустрияландыру бағдарламасы бізге инвестицияның құрылымын өңдеу өнеркәсібі секторының пайдасына өзгертуге мүмкіндік берді. Өңдеу өнеркәсібіндегі шетелдік инвестициялардың 70% Индустрияландыру бағдарламасының бірінші бесжылдығын іске асыру жылдарына дәл келді. Сол сәттен бастап 30-ға жуық ірі инвестор өңдеу өнеркәсібі бойынша жұмыстарын жолға қойып, бизнесерін жүргізді. Ал соңғы жылға тоқталар болсам, 2016 жылдың 1 тоқсанында жалпы тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 4,3 млрд АҚШ долларды құрады. 2016 жылдың 1 жартыжылдығында жалпы 9,3 млрд долларды тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Бұл бытырғырға қарағанда 25,8%-ға өскен. Сонымен қатар негізгі капиталға салынған инвестициялар оң серпінді сақтап тұр. 2016 жылдың 7 айында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 6,3%-ға өсті. Бұл өсім көрсеткіштерінің артуы еліміздегі инвестициялық климаттың жақсаруына тікелей байланысты. Инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестициялар тарту біз үшін басым бағыттардың бірі болып қала береді. Елде инвестициялық ахуалды жақсарту мен әкімшілік тосқауылдарды қысқартуға бағытталған бірқатар жаңа заңнамалық бастамалар қабылданды. Инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында біз 19 ел үшін біржақты төртіппен визасыз режим енгіздік. Сонымен қатар 2017 жылдан бастап визасыз режимге енгізілетін елдердің тізімін қосымша 35-ке дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

— Жаксы. Шетелден тартылған инвестиция ең бірінші кезекте өндіріс орындарын ашу, индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асыруға салынып отыр. Осы индустрияландыру бағдарламасы жүзеге асырыла бастағалы бері қанша жоба жүзеге асты және қандай салалар қамтылды?

— Индустрияландыру бағдарламасының іске қосылғанына биыл жетінші жыл. Жалпы ішкі өнімнің үштен бір бөлігі Индустрияландыру бағдарламасына тиесілі екенін біле жүргеніміз абзал. Осы уақыт аралығында мыңдаған кәсіпорын іске қосылды. Тек Ақмола облысында 2010 жылы 10 өндіріс іске қосылса, еліміз бойынша 7 жылда 961 жобаның тұсауы кесіліп, 90 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Ай сайын Индустрияландыру картасы аясында 160 млрд теңгенің көлемі шығарылады. Сондай-ақ 500-ден астам жаңа өндіріс саласын игердік. Олар: жүк және жолаушылар вагоны, автомобильдер мен автобустар, трансформаторлар, рентген құрылғылары, дәрілік заттар және азық-түлік өндірісі... Жалпы индустриялық жобалар аймақтардың дамуына жаңа серпін берді. Бағдарламаның екінші бесжылдығында іске қосылған жобалардың саны жағынан Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары көш басында. Күні кеше ғана Елбасының қатысуымен «Қазақстандағы жаңа индустрияландыру: орнықты даму мен прогресс үшін» деп аталған телекөпірде 23 жаңа индустриялық жоба іске қосылды. Енді бұл кәсіпорындар да ел экономикасына елеулі үлес қосады, деген үміттемін.

Сұхбаттасқан Дәулетхан ЖИЕНҚҰЛОВ

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Көптеген осындай топтар қылмыстық топтар мен діни қауымдардың бірігуі негізінде пайда болуда. Олардың көбісінің әрекеттері тек қылмыстық мақсатта болған, ал діни-экстремистік идеология тек негізгі әрекеттерін жасыру үшін қолданылған. Мұны қазақстандық радикализмнің өз ерекшелігі деп те атауға болады.

Мазмұнында тек қызмет бабында пайдаланылатын ақпарат болуына байланысты зерттеу толығымен жарияланбады.

Зерттеуімізді бастағанда жұмыс гипотезаларымыздың бірі осы еді. Бірақ ол расталмады. Біз де Ауғанстанға, Сирияға жұмыссыз, түңілген адамдар ғана бароды деп ойлаған едік. Бірақ сыртқа кеткен көпшілік адамдардың табысы жақсы жұмыстары болғандығы анықталды. Жақында, әкесі өзінің үлкен баласы сол жақта қайтыс болғанына қарамастан, екі баласымен Сирияға аттанбақ болған.

Зерттеуіміздің нәтижесінде, «терроризм» бабы бойынша сотталғандарға ортақ мәселе – ол жастық шақтарында болған отбасылық және жеке факторлар. Яғни біздің терроризмде де жасөспірімдер суицидін тең тамырлар орын алады – отбасында түсінбеушілік, рухани және жалғыздығы.

ЕСКІ КӨЗҚАРАСТАН АРЫЛУ КЕРЕК

Экстремизм мәселесі – бұл білім деңгейінің төмендеу мәселесі. Біздің біліктілігіміздің жалпы деңгейі төмендеп кеткен. Мұны мойындауымыз қажет. Сондықтан, мен бізде террористік қауіптер болған жағдайда дінтану мамандығына гранттар бөледі басқа әлеуметтік мамандықтардың – әлеуметтану, саясаттану, философия есебінен көбейтуге қарсымын. Бұл экстремизм мәселесін қиындатқаны болмаса, жеңілдетпейді: сауаттылығы аз топқа үстемдік жүргізу жеңіл болады. Өкінішке қарай, экономикалық және математикалық білімдер гуманитарлық саладағы сауатсыздықтан құтқармайды.

Ең алдымен, терроризмге қарсы күресу тек арнайы қызметтердің міндеті еместігін қоғам түсінуі керек. Бізде көбінесе бір жағдай болса, ҰҚК қарамады деп шығады. Алайда неге оның әке-шешесі, көршілері, туыстары қарамады? Бізде көршілері көршілік жасап, кейін терактіде қолданылған қаруды тығып көмектескен жағдайлар да орын алған. Немесе аңшылыққа шығу үшін әскери қаруды сұрап алған. Бұл үлкен қантөгіске әкелуі мүмкін шалыс әрекеттер.

Біздің қоғам өмір туралы кешегі, өткен, ескі көзқарастарынан арылуы керек. Тіпті кешегі жер дауы да қоғамда әлі күнге дейін реформалар мен өзгерістерден қорқыныш, мемлекетке үміт арту кемдігі тәрізді консервативтік көзқарастар үстем екендігін көрсетті.

Кезеңдік террористік шабуылдардың қауіптілігі орасан зор – заманауи коммуникация құралдары үздіксіз насихат жүргізуге мүмкіндік береді және олардың барлығын жабу түбегейлі мүмкін емес. Сондықтан, тоқтатуға бағытталған антитеррористік жұмыстарды жалғастырып, жетілдіру қажет.

Жалпы Қазақстанда терроризмнің фундаменталдық базасы бар деп айта

алмаймын. Себебі ол орын алған мәселелерді шешуге бағытталған, ал ол мәмілеге талпынатын біздің болмысымызға сәйкес келмейді.

РАДИКАЛДАР ӨШ АЛҒЫСЫ КЕЛДІ

Негізінде біз ұзақ уақыт бойы ең қауіпті массалық терактілерден, ел ішінде халықаралық терроризммен байланысы бар ұйымдар құру тәрізді жағдайлардан қорғана алдық. 1990 жылдары қауіпті жерлерге жақын болуымызға орай Қазақстанның тұрақтанбаған қауіпсіздік жүйесін пайдаланғысы келгендер болды. Бұл жағдайға орын бермеуімізге Антитеррористік орталық құру стратегиясын тандап, арнайы қызметтердің тиімді жұмыстары септігін тигізді.

Қазақстанда әрекет жасағысы келген көптеген топтар дұрыс қамданбаған. Неге? Себебі арнайы қызметтер олардың қару алу көздерін жауып

еместігін алға тартуда. Өкінішке қарай, бұл пікірталас бірнеше айға тым ұзақ созылып отыр. Менің ойымша, нақты бір шешімге келуге өз ықпалын тигізе алмайды. Бұған қоса, ұзаққа созылған пікірталастар қоғам көңілін негізгі мәселеден алшақтатады. Сондықтан, мен бұл жағдайға қоғамдық ой-пікір тұрғысынан қарауды ұсынамын. Мен аудармада жиі шығамын, көптеген қарапайым адамдармен, аксақалдармен, діндарлармен, жастармен көп кездесемін. Олардың бәрінде мемлекет нақты әрі шешімді әрекеттерге көшу қажет деген үміттері бар. Жергілікті халық көңілінде мемлекет мұның бәріне тосқауыл қойып, өзінің қауқарын көрсете алады ма? – деген сауалдар жеткілікті. Басқаша айтқанда, бұл мәселедегі заңнамалық және басқа да аспектілер туралы сөз қозғағанда қоғам ішінде туындайтын мәселелерді де қаперге алған жөн.

Біз кейде, қажеті жоқ жерде шетелдік тәжірибеге қарап, өзімізге көп күмәнданамыз. Шешім қабылдай отырып, біз бірінші кезекте белгілі ішкі

жағдайларды, өз мүдделерімізді ескеруіміз қажет. Әлбетте, шетелдік тәжірибені зерттеп, ескерген жөн, бірақ бұл ең басты дәлел болмауы керек. Өзіміздің ішкі мүдделімізге сай шешімдер болуы керек.

...БҰЛ СӨЗДЕН ГӨРІ, НАҚТЫ ӘРЕКЕТ БОЛАР ЕДІ...

Көптеген сарапшылар сәлафизмнің ұйым емес, тек заңнан тыс жариялауға келмейтін идеялық ағым болуына байланысты тыйым салуға болмайды. Дегенімен, менің пікірімше, мемлекеттік органдар қалай да болғанда шешім шығаруға септігін тигізетін нақты аспектілер бар тәрізді. Бұл әдебиеттер мен материалдардың тиісті тізімі, өкінішке қарай, бүгінгі күнде әдебиеттер мен түрлі уағыздар көптеп таратылуда.

Менің көзқарасым бойынша, Уәкілетті орган, мысалы, Дін істері комитеті (ДІК) әдебиет пен белгілі бір уағызшылардың материалына тыйым салу бойынша нақты шешім қабылдауына болар еді. Не болмаса дінтану сараптамасын жүргізіп, анықталған діни әдебиеттердің тізімін Бас прокуратураға жолдаса болады. Онда олар сотқа беріліп, тыйым салу бойынша шешім қабылданады. Бұлардың барлығы заңгерлер мен басқа мамандар арасындағы заңдық негізге тірелетін мәселелерді шешудегі мәмілеге әкелетін нұсқалардың бірі болып табылады. Мұндай шешім қабылдауға негіз ретінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының мәлімдемесін ұсынуға болады. Өз кезегінде оларда осы және басқа да ағымдар уағыздап жүрген көзқарастардың біздің қоғамдағы негізгі құндылықтарға және ислам дәстүрлеріне қайшы келетіндігін анықтайтын қандай да бір құжат қабылдауы тиіс. Негізінде, бұл үрдісте жалпы негізгі рөл ҚМДБ-ға берілуі қажет.

Өкінішке қарай, теріс діни материалдарды ғаламтордан да, даладан да тауып алуға болады. Мұндай акпараттарға тыйым салып, жауып тастауымыз керек. Өйткені, осы қалам «бұл қауіпті ағымдар, олардан адамдарды қорғау керек» деген тәрізді сөздерден гөрі нақты әрекет болатын еді. Бұл пікірталастарға нүкте қойып, адамдарға нақтылы нұсқаулар беретін кез келді.

Сөз-жебе**Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Премьер-Министр:**

«Баяндамадан көріп отырғанымыздай, бұл бағытта белгілі бір жұмыс істеліп жатыр. Қажетті нормативтік-құқықтық база бар, өңірлерге дербестік берілді, яғни үлкен жұмыс атқарылған. 300-ге жуық жоба бар. Дегенмен мынадай сөз бар емес пе: «Қалыңдық ұзатуға дайын, бірақ алатын жігіт жоқ». Біз қазір дәл осындай жағдайда тұрмыз. Қаншама жылдан бері айтып келеміз, үнемі заңдарды өзгертеміз, бірақ бәрі бір жоспар күйінде қала береді. Балабақшалар бойынша жұмыс жүріп кетсе, соның өзі жақсы болар еді»

(Үкімет отырысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларына қатысты айтқан сөзі)

(Басы 1-бетте)

Дәл қазір ірі биелер 350-400 мың, байтал, құнандар – 300-ден 350-ге дейін, семіртілген тайлар – 250 мыңға жетіп қалды. Ал, табыннан семіртілмеген тайларды 180-200 мың теңгеге дейін алуға болады. Бірақ, оны семірту үшін де біраз еңбек ету керек. Айталық, табыннан семіртілмеген жылқыны алсаңыз он бір тонна шөп, бір тонна жем керек дейік. Қазір жемнің бір тоннасы 15000 теңгенің төңірегінде, шөптің бір тоннасы 15-20 мың теңге тұрады. Оның үстіне күнделікті соғым семірткен өз еңбегіңізді қоссаңыз сол баға шықпай ма. Айтпақшы, ұмытып бара жатыр екенмін, жердің

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3



бір жылдары алып-сатарларға жалынып жүріп 50-60 мың теңгеге өзер өткізетін өгізшелер салмағына орай 200 мың теңгеге дейін шығарады. Сонда қолында азын-аулақ техникасы бар малсақ ағайын 5-6 сиыр бақса, жылына бір миллион теңгені дөңгелетіп тұр емес пе. Тек бір өкініштісі, әлі күнге дейін кешегі кеңес заманынан қалған масылдық пияғылдан арыла алмай отыр.

Әне бір кезеңде нан бағасы өскенде бидай аз шықты, наубайханаларға үн қымбат бағамен жеткізіледі, сондықтан көтеріліп отыр деп түсіндірді ғой. Ал биыл астық ырғын, тіпті қайда сыйғызарын білмей елдің басы қатып жүр. Енді неге нан арзандамайды?! Нарық дегеніңіз сол. Баға бір көтерілмесін, бір көтерілсе, қайтіп түсу жоқ.

СОҒЫМЫҢДЫ САЙЛАДЫҢ БА?

түбінен алған жанағы тайды тасып әкелу үшін көлікке де қаражат керек емес пе. Бір сөзбен айтқанда, оңай шаруа емес. Аспаннан құймақ жауып жатса, елдің бәрі етпен айналысып кетпес пе еді. Кейбір сапарымызда әкелген малдың үстінен 20-30 мың теңге пайда тапсақ, кейбір итіміз қырын жүгірген сөтте көлігіміз сынып, оны жөндетуге 70-80 мың теңге шығындалып жатамыз. Әйтеуір, қарап отырғаннан тәуір ғой деп қаланың жатағы мен ауылдың мал баққан ағайынның арасын жалғау ғой біздікі. Ауыл сол бірді-екілі малдың арқасында күн көріп отыр. Сол мал баққанды және біз сияқты тапқанды асырап тұр. Базарға келген тұтынушылардың да өз пікірі бар екен.

– Халал базар ашылса, – деп қиялдайды бір тұтынушы, – немесе осы ет сататын базардың бұрышында арнайы бір орын болса, әйтпесе, жалпақ жұрт мұсылманылыққа дәл қойып, дінге бет бұрғанда мына жердегі кейбір іс көңілге қонбайды. Өне көрдіңіз бе, халал мен харам мидай араласып жатыр. Шошқаның етін тасыған арбамен жылқы, сиырдың еті де тасылады. Екеуі бір пышақпен бөлінеді, бір таразыда өлшенеді. Сосын адалдық қайдан болсын. Ертеректе Көкшетаудың өз басында «Сыбаға» дүкені ашылғанда, Алаш баласы қуанғаннан бөріктерін аспанға атқан. Кейін «Сыбағаның» да бізге деген сыбағасы азайып, біржола жабылып тынды. Кәсіпкерлер үшін халал дүкенін ашу, малын адалдап сойып, дастарқанына адал ас қойғысы келетін құдай бір, пайғамбар хак дейтін жамағаттың сауабын алу түрлен түспеген тың тақырып.

Жылқы бағасының қымбаттауына мал басының азаюы да әсерін тигізсе керек. Алдыңғы жылы қыс қатты болып, табындағы жылқының басым көпшілігі құлын тастады. Сондықтан да биылғы жылы тайлар аз. Халықтың қолындағы малдың бағасы қымбат деп айтуға болмас. Қазір арзан не бар? Азық-түліктің басқа түрлерінің бағасы сәл көтерілсе, бәрі ұлардай шуласа кетеді. Ал еттің бағасы өскені ең алдымен, елдің еңсесін көтеріп, күнкөрісін жақсарту үшін тиімді дүние. Қазір ауылдағы ағайын қара малдың басын көбейте бастады. Ерінбей еңбек еткендерге мал баққан өте тиімді. Өне



Қонысбай базардан бәтуа шықпағаннан кейін жарнамалық газет сатып алып, жан-жаққа телефон шалсын. Сөйтсе, облыс орталығында мал ұстайтын ағайынның қойып отырған бағасы елдегімен салыстырғанда 20-30 мың теңгеге жоғары екен. Енді қайтсін манағы Аллаберген айтпақшы, өркімнің де күн көргісі келеді.

1990 жылдары шалғайдағы Уәлиханов ауданының Сілеті өзенін жағалай қонған ауылдарында жылқы малы тым арзан болатын. Сол жаққа қатынаған алыпсатарлардың бір жылқыны бес кап ұнға, үш кап қантқа айырбастап алдық деп өртігігенін де естіген бұл ел. Қонысбай сол өңірдегі Чапай ауылында тұратын Еркін Жұмабаев деген танысына телефон шалды.

– Он-он бес жыл бұрын жылқының арзан болғаны рас, – дейді Еркін. Қазір мал бағасы Көкшетауынның өзінен қымбат болмаса, арзан емес. Біздегі жылқының бағасын көтеріп тұрған астаналық ағайындар. Астана базарында ет бағасы тәуір болғаннан кейін, әрі кең жазира Көксентірдің қырық сан шүйгін шөбіне семірген, Сілетінің мөлірді таза суын ішкен жылқы етінің дәміне астаналықтар үйреніп алған. Біздің өңірдің жылқысы десе, қызыл көрген қырғидай ұмтылады. Әрі оның үстіне қазір әр ауылдың өз кәсіпкерлері шықты. Арзан мал болса күні бұрын сұрастырып құлақтанып жүреді де, көтере сатып алып, Астананың базарына тоғытады. Қара күз бойы Елордада дүркін-дүркін жәрмеңкелер өткізіліп, ет бағасы сәл арзандады.

Қонысбай сұрастыра келе, қалтасы жұқа қазаққа сәл арзандау жылқыны Қызылту өңірінен, әйтпесе, іргедегі Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданымен шектесетін орыс селоларынан табуға болатындығын түйсінді.

Бағзы заманда Ата қазақ «жылқының еті жесен тісіне, жемесен тісіне кіреді» десе керек. Тісіңізге тисін десеніз, соғымыңызды осы бастан қамдай беріңіз, әйтпесе, тісіңізге ғана кіреді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,

Ақмола облысы

«Жас қазақтың» сауалы

– **Айдос мырза, Сіз өткен жолы ғана әлеуметтік желіде Оғео өнімінің қазақша аудармасына қатысты сын жазып едіңіз. Содан бері біраз уақыт өтті. Осы аптада белгілі журналист, ақын Алмат Исәділ Алматыдағы метроның «Райымбек» бекетінде қате аударылған жарнаманың әлі тұрғанын айтты. Бұған не себеп деп ойлайсыз?**

ЖАУАБЫ:**Айдос САРЫМ, саясаттанушы:**

«Көшедегі қате жарнамалар мені бей-жай қалдырмайды. Соның бірін әлеуметтік желіге жариялағаным бар. Жарнаманы тікелей аударуға болмайды. Тілдің өзінің құнарлығы, тазалығы, түсінігі бар. Егер тікелей аударма беретін болсақ, тіліміз өрескел, анайы түрге өтіп кетуі мүмкін. Сондықтан мұндайды болдырмау үшін қаладағы тіл басқармасы, кәсіпкерлік басқармасы бірігіп арнайы комиссия құруы керек деп ойлаймын. Біріншіден, өз ана тілімізді қорлатпауымыз керек. Екіншіден, қате жарнама адамның эстетикалық мәдени танымына қайшы келеді. Жарнаманы беруші ұйым әдейі жасады ма? Әлде білместікпен жасады ма? Бұл жерде көп мәселе бар.

Мемлекеттік тұрғыдан, қалалық әкімдік тұрғысынан осы мәселені көтерген дұрыс болар».

Ақсақ аударма

Фото: Алмат Исәділ
07.12.2016 ж.

Тақырыпқа орай**Өтепберген ҚАЛАБАЙ,**

Алматы қалалық ономастика бөлімінің басшысы:

«Бұл жарнамадағы аударма бойынша біз шара қолданудамыз. Жарнама ілінген «Метрополитен» мекемесіне ескерту айтып, арнайы хат жолдадық. Онда тікелей аударманың сөздері түзетілді. Біз өз тарапымыздан ескерту айтып, бір ай көлемінде уақыт береміз. Егер бір ай ішінде олқылық түзелмесе, тағы бір ай мүмкіндік береміз. Егер ешқандай өзгеріс болмаса, онда сотқа әкімшілік жаза қолдануы үшін шағым түсіреміз. Осындай жарнамалармен күресу үшін мекеме ай сайын рейд жүргізіп отырады».



МАҢҒЫСТАУ

Арнайы қосымша (4-7 беттер)



Мәңгілік ел

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖЕМІСІ

Жазда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-на еншілес компаниялар — «Жөндеу» мен «Круз» ЖШС мекемелерін біріктіру туралы шешім қабылданды. Екі серіктестікті тиімді басқару мақсатында жүзеге асырылған біріктіру процесі сәтті аяқталып, нәтижесінде күз айында «ӨзенМұнайСервис» ЖШС болып құрылды. Ұңғыларға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін компанияда бүгінде 1368 қызметкер еңбек етеді. Олар — білімі жоғары, тәжірибесі мол жұмысшылар.

— Тәуелсіздік таңы атқалы еліміз толағай табыстарға қол жеткізіп, дамуы тежелмей, айқын мақсатпен, нық қадаммен жетіліп, әртүрлі ұлт өкілдерімен бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруде. Экономика, медицина, әлеумет, құқық, мәдениет, спорт және тағы басқа салаларда тың бастамалар көтеріліп, оң өзгерістер орын алды. Мәселен, осыдан 10 жылдай бұрын компанияда 10-ақ техника болса, қазір оның саны 80-ге жетті. Шақырғанда дер кезінде келіп, жүктелген міндетті жедел әрі сапалы орындайтын техникаларымыз озық. Саналы өмірін «қара алтын» өндіруге арнаған ардақты ардагерлеріміз техникалар тапшы кезінде қара күшке сеніп, маңдай терін төккен. «Елу жылда ел жаңа» демекші, бүгінгі буын мұнайшылары соңғы үлгідегі үздік техника мен технологияларды қолдану арқылы бабалар салған сара жолды лайықты жалғастыруда. Жастарды қолдау мақсатында кәсіпорындарда құрылған «Жас мамандар кеңесі» Жанаөзен қаласының шығарын кіргізуге, қоғамдық жұмыстарды іске асыруға, қайырымдылық шаралар жүргізуге белсенді қатысады. Мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында семинар, тренингтер ұдайы өткізіледі, — делі ІІІ-дәрежелі бұрғышының көмекшісі Дәулет Нөкеров.

Серіктестік жұмысшылардың жағдайына айрықша назар аударып, көрсетілетін әлеуметтік көмегі қомақты. Табысты еңбек етуіне барлық қолайлы жағдай жасалған. Жұмысшыларды тасымалдау, ыстық тағаммен қамтамасыз ету, материалдық көмек көрсету, балаларын жазғы демалыс ақшатырларына жіберу, тегін медициналық көмек, шипажайларға жолдама сияқты әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Мұнайшылардың осындай жақсы жағдайға жеткені Тәуелсіздіктің арқасы дейді жұмысшылар. Әлеуметтік саясат және шаруашылықпен қамсыздандыру бөлімінің жетекші инженері Дінасыл Құрманқызы, «Ел егемендігі халыққа тұрақтылық, бостандық, ертенге деген сенімділікті берді. Сүйікті іспен айналысуға мүмкіндік сыылды. Әлемнің алпауыт мемлекеттерімен тереземіз тең болып, әріптестік байланыс орнатып, озық техникаларға қол жеткіздік, жақсы жанылықтарға кенелдік», — делі

ЖАРҚЫН ЖЕТІСТІКТЕР ЖОЛЫНДА...

1973 жылы құрылған, өлкенің өндіріс саласында маңызды орын алатын «Қазак газ өңдеу зауыты» ЖШС-де 1000-нан астам жұмысшы қызмет етеді. Бүгінде зауыт табиғи және леспе газ өндіріп, республиканың елауір бөлігін сүйытылған газбен, аймак халкын құрғақ бензинмен, өңделген газбен қамтамасыз етеді. Қазақстандық сураныстын басты бөлігін қанағаттандыруға қауқары жеткілікті «Қазак газ өңдеу зауыты» ЖШС өнімдерін шетелге шығарады.

Зауыт тарапынан жас мамандарға зор қолдау көрсетіледі. Кезекті демалысқа шыққанда жұмысшыларға материалдық көмекпен қатар денсаулықты түзету, хал-жағдайын оналту үшін еліміздің шұрайлы жерлеріне, шипажайларға жолдама беріледі. Өндірістік орындарда қауіпсіздікті сақтап, жазатайым жағдайлардың алдын алу мақсатында зауыт толық автоматтандырылған.

— 1972 жылы «Маңғыстау газ өндіру басқармасына» (бұрын *осылай аталған*) оператор болып қызметке кірдім. Газ саласында қызмет еткеніме 44 жыл болды. Кеңес Одағы кезінде ашылған зауыттың жұмысы бірқалыпты болды.

Ұлтың тарихын зерделейтін,

ұлықтайтын басты мереке – Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойына санаулы күндер қалды. Ел егемендігін алғанда өндірістің өрге өрлеуін тоқтатпай, қайта табысын еселеп, жарқын болашаққа қадам басқан ұлттық компаниялар республикада аз емес. Олардың ішінде Жанаөзен қаласындағы өндірістік кәсіпорындар да еңбек дүрсілін бәсеңдетпей, биіктерден көрінуде.

отырған кәсіпорынның бүгінде дамуы қарқынды. Оған жанадан бой көтеріп жатқан ғимараттар, басталған құрылыстар дәлел.

«Өзенмұнайгаз» АҚ құрылыс департаменті бөлімінің бастығы Серік Аманиязов «Мұнай өнеркәсібі құралдарын және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасының өндірістік базасының құрылысы кәсіпорынға жана дем бермек. Бұрынғы цехтардың ғимараттары ескірген, ішіндегі техникалардың тозығы шыққан. Оның орнын басатын бұл ғимарат жана техникалармен жабдықталмақ.

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕККЕ БАҒЫТ ТҮЗЕП...

Тербелме станоктар, сорғы жабдықтар зақымдалса, осында жөнделмек. Ғимарат 2017 жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға беріледі. 150 адам жұмыс істейтін болады. Бұл зәулім ғимараттар, үлкен нысандар тәуелсіздіктің арқасында бой түзеп, халық игілігіне тапсырылып жатыр. Игі істер әлі де жалғасын таба береді деп сенемін», — делі.

Сонымен бірге жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау орталығы жанынан тереңдік сораптар, сораптық-компрессорлық құбырларды, шыбықтарды жуып, өндіріске дайындау ваннасы салынууда. Аталған өндірістік нысан қызметкерлері үшін 75 орындық тұрмыстық-шаруашылық кешеннің құрылысы басталуда. Қазіргі таңда өндірісті модернизациялау жобасы іске асуда. Аталған жоба аясында Жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау цехы пайдалануға берілді. Жерасты жабдықтарын кешенді түрде жөндеуден өткізетін цех заманауи технологияның ірі жетістігі болып табылады. Мұндай кешенді жоба ТМД елдерінде алғаш рет жүзеге асып отыр. Жаңа цех жылына 400 мың дана сораптық-компрессорлық құбыр, 300 мың дана сораптық штанга, 10 мың дана тереңдік сорапты жөндеуге, диагностикалауға толық мүмкіндігі бар.

Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ-на қарасты 16 құрылымдық өндірістік

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДЫҢ» ҚАРЫШТЫ ҚАДАМДАРЫ



Өндірістік өрлеуді бетке алған «Өзенмұнайгаз» АҚ мұнайшылардың тұрмыс-тіршілігіне айрықша көңіл бөліп, әлеуметтік жәрдем беріп, қаланың ажарын ашып, өндірістің қуатын арттыру жолында іргелі істер атқаруда. Оның ширек ғасырда бағындырған биіктері, жеткен жетістіктері таңғалдырады. Жанаөзен қаласының дамуына септігін тигізіп

басқарма бар. Оның төртеуі мұнай газ өндіру басқармасы, ал өзге басқармалар өндіріске қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Компанияда 9 000-нан астам адам жұмыс істейді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ өз жұмыскерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ерекше ден қояды. Мұнайшылардың еңбек

Алик АЙДАРБАЕВ, Маңғыстау облысының әкімі:

«Елбасымыз атап көрсеткендей, «Қуатты Қазақстан – бұл біріншіден, қуатты өңірлер». Жер қойнауы қазба байлыққа толы, экономикалық әлеуеті орасан, бәсекеге қабілеттілігі жоғары Маңғыстау облысы жергілікті атқарушы органдардың, депутаттардың, бизнес-құрылымдар мен халықтың бірлескен қажырлы еңбегінің арқасында еліміздің дамып-гүлденуіне, қуатты мемлекетке айналуына қомақты үлес қосатынына сенімдімін»



жағдайын жақсарту, жұмыс орындарындағы әлеуметтік ахуалды түзеу мақсатында 2009 жылы мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын түзеу бағдарламасы қабылданды.

2009-2016 жылдары мұнайшылардың киім ауыстыруына, жуынып тазалануына арналған 29 тұрмыстық-шаруашылық кешен, 10 асхана салынды. Бұған қоса, топтық қондырғы және сораптар стансаларының жұмысшылары үшін 70 мәдени үйшік жанадан салынды. «Кендірлі» демалыс базасын қайта жаңғырту

калап, бүгінде мұнай ұңғыларын бұрғылау және жөндеумен айналысады.

Келешегі зор бұл серіктестіктің қызметкерлері жоғары біліммен сусындаған, өндірістік алаңдарда, тәжірибеде машыктанған. Қазіргі таңда 800-ден астам жұмысшы екі қолға бір күрек ұстап, жұмыс жасауда. Серіктестік күрделі климаттық және таулы геологиялық жағдайларда мұнай мен газ кен орындарында ұңғыларды бұрғылау және жөндеу бойынша үлкен тәжірибе жинақтаған мамандарымен мақтана алады.

Халықаралық, республикалық және облыстық деңгейде биіктерден көрініп, марапат пен құрметке ие болған компанияның мұнай-газ өнеркәсібін дамытуда үлесі зор. Кәсіпорын жұмыссыздықпен күресіп, қайырымдылық



бойынша 2016 жылы демалушыларға арналған 10 коттедж үй күрделі жөндеуден өтті. Қызметкерлер үшін 40 орындық жатақхана пайдалануға берілді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары Мұханбетберді Сүйітов «Жыл сайын ардагерлерімізге шипажайға жолдама мен қаржылай көмек береміз. Отандық мерзімді басылымдарға жазылуды ұйымдастырамыз. Кәсіпорын қуатын еселеп, мұнай игеруіне үлес қосып жүрген жұмысшыларға да жан-жақты әлеуметтік көмек көрсетіледі. Мұнайшылардың денсаулығы, тұрмыс-тіршілігі әрдайым компанияның назарында тұрады», — делі.

«Өзенмұнайгаз» АҚ ұзақ жылдардан бері Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына қолдау көрсетіп келеді. Компания қала-аудандардың әлеуметтік-инфрақұрылымын дамытуға, әлеуметтік құрылыс қарқынын нығайтуға өз септігін тигізуде.

Мәселен, Ә.Тұяқов атындағы 3000 орындық орталық стадион, Р.Өтесінов атындағы денешынықтыру-сауықтыру орталығы, Жанаөзен қаласындағы Неке сарайы, Жетібай кеніндегі 50 орындық балабақша, 300 орындық Қызылсай ауылдық мәдениет сарайы, «Данк» аллеясы, «Қосай-Ата» мешіті, Қызылсай ауылдық ақсақалдар үйі, Жанаөзен қалалық ардагерлер үйі, көп қабатты үйлердің ауаларында 63 дана балалар алаңшасы, жасанды жабындылар төселген 10 дана футбол алаңшасы компания есебінен салынған.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосып, мұнай-газ өнеркәсібінің өркендеуіне серпін беруде.

ҚУАТТЫ ҰНГЕ, ЕКПІНДІ ЛЕПКЕ ҚОСЫЛҒАН КӘСІПОРЫНДАР

Еліміздегі алғашқы жеке кәсіпорындардың бірі — «КЕЗБИ» ЖШС 1992 жылы негізін

Ханым ҚУАТ

Ақтау халықаралық теңіз сауда портына Ресейдің Әскери-теңіз флотының кемелері келді.

Көрші елден келген қонақтарды еліміздің әскери-теңіз күштерінің өкілдері, Ресейдің Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі құрметпен қарсы алып,

Достықты ту еткен кемелер



ұлттық тағамдардан дәм таттырды. Каспий флотилиясы кемелерінің Ақтауға сапарының мақсаты — танысып, тәжірибе алмасу. Сондай-ақ достық сапар аясында ресейлік теңізшілер ақмаржан қаланы аралап, облыстық «Достық» үйіндегі мұражайды көріп, «Мәңгілік алау» алдында гүл шоқтарын қойды. Спорт сайыстарын ұйымдастырып, күш сынайды.



Ресейдің Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Михаил Бочарников «Каспий флотилиясы кемелер тобының Ақтауға келуі — екі елдің әскери сала бойынша өзара әрекеттесіп көрінісі. Әскери ынтымақтастық

әскер, қорғаныс министрлігі және әскери-теңіз флотының бөлімдері бойынша жемісті де табысты орындалуда. Елші ретінде, мен бұл сапарға ерекше қуаныштымын. Сапар біздің сындарлы серіктестігімізге, берік байланысымызға зор серпін әкелетініне сенемін», — делі.

Портта Ресейдің үш кемесі аялдады: «Татарстан» зымыран кемесі, «Град Свяжжск» кіші зымыран кемесі және «МБ-58» теңіз буксирі. Бұл кемелерде барлығы 250 адам қызмет етеді.

— Әрбір кеменің тарихы және ерекшелігі бар. «Татарстан» зымыран кемесі — өз дәрежесіндегі бірінші кеме. Басқа флоттарда мұндай кеме мүлдем жоқ. Ол кемелерге қарсы және түрлі артиллериялық кешенмен жабдықталған. Ал «Град Свяжжск» кемесі ракеталық



кешенмен жасакталған. Бұл жаңа кеме Каспий флотилиясына арнап құрылған. Теңіз буксирі болса, кемелерді қамтамасыз етеді. Бұл кеме арқылы қорымызды толықтырып, экипажды жеткізетіміз», — делі су үсті кемелері бригадасының командирі, бірінші дәрежелі капитан Сергей Бабсков.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген
Талант ҚҰСАЙЫН

ДАМУ


www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен өткен баспасөз турында Қарақия ауданындағы бірқатар өндіріс орындарын аралап, тыныс-тіршілігімен таныстық. Маңғыстау мұнайының қарашанырағы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы және оған транспорттық, сервистік қызмет көрсететін серіктестіктер Тәуелсіздіктің 25 жылдығын қандай еңбек тартуымен қарсы алады? Өңірге өң берген өндіріс орындарындағы ерелі істерді өрнектеп, мұнай-газ өнеркәсібіндегі көрсеткіштерге шолу жасап көрсек...

Жарты ғасырдың биігінен жана көкжиекке көз салған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында биылғы меже 2 млн 182 мың тонна болса, 10 айдың қорытындысы бойынша 11 мың тонна «қара алтын» артық өндірілген. Мәселен, №1 мұнай және газ өндіру кәсіпшілігіне қарасты №11 топтық қондырғыда 31 ұңғы жұмыс жасайды. Кәсіпшілікте Мұнайлы, Маңғыстау, Қарақия ауданында орналасқан 10 кен орнында 27 топтық қондырғы бар. №1 мұнай және газ өндіру кәсіпшілігі цехының басшысы Әділбек Әкімжолыевтың айтуынша, мұнайдың тәуліктік өнімі — 291 тонна. Арнайы өлшем қондырғысы арқылы 2 сағат сайын өнім көлемі



бақыланады. Әр ұңғының басында қыздыру пеші бар. №11 топтық қондырғыда жұмыс жасайтын 5 оператор жұмыс барысын автоматты түрде басқарады.

4 дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы Рахия Бейбітова «Мен Жетібай кен орнында жұмыс жасағаным 32 жылға жуық уақыт болды. Тәуелсіздік алған алғашқы уақытта жұмысымыз кәсіргіге қарағанда біршама ауыр болды. Бүгінде жұмыстың дені техниканың, жетілген құрал-жабдықтың көмегімен атқарылады. Бұрын үстіміздегідей арнайы форма болған жоқ. Әркім өз тапқанын киетін. Еліміздегі

Тәуелсіздіктің, тыныштықтың арқасында жағдайымыз жақсарды, тұрмысымыз тәуірленді. 1995 жылдан бастап мемлекетіміздің еңсесі көтеріліп, мұнай-газ өнеркәсібінің жағдайы жақсара бастады. Осы жұмыста табан аудармастан еңбек етіп, балаларымды өсірдім, оқыттым, жеткіздім. Бүгінде 4 баламнан 10 немере сүйіп отырған бақытты әжемің. Бізді осындай

күнге жеткізген Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз еңселі болсын!», — деді.

БАҚ өкілдері аялдаған қабат қысымын ұстау цехында 1 машинист пен 6 оператор жұмыс жасайды. Бұл цехта мамандар мұнайды жоғары көтеру үшін жер астына су айдау қызметін атқарады.

Қабат қысымын ұстау цехының операторы Сәлима Шуақбаева 1951 жылы отбасымен Доссордан Түбіжікке көшіп келгенін айтады. Ол «Өкем алғашқы мұнайшылардың бірі. Мен де өке жолын қуып, мұнайшы мамандығын тандадым. Тәуелсіздік алған жылдары кішкентай вагонда жұмыс жасайтынбыз. Озық үлгідегі техника мүлдем болған жоқ. Мұнайшыларға жасалған қамқорлықтың, жақсы еңбек жағдайының арқасында өсем де жайлы ғымаратта жұмыс жасаймыз. Жылдан-жылға заманға сай құрал-жабдықтар, қондырғылар өндіріске енгізіліп келеді. 31 жылдан бері осы салада еңбек етіп, мұнай-газ өнеркәсібінің өркендеуіне үлесімді қосып жүрмін», — деді.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы ішінде өндірістік өрлеуді бетке алған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында мұнайшылар үшін бірқатар жана ғымараттар салынып, пайдалануға берілді. Мәселен, 2014 жылы қыркүйек айында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында №10 асхана мұнайшылар игілігіне берілді. Іші кең әрі жайлы жабдықталған асхананың

менгерушісі Жауһар Көбеннің айтуынша, мұнда жұмыс жасайтын 16 қызметкер күніне 400 мұнайшыға тамақ пісіріп, ас-су дайындайды. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына транспорттық қызмет көрсететін «Ойл Транспорт Корпорейшн» серіктестігінде 695 қызметкер жұмыс жасайды. Мұнда 4 автотөзбекте 350-ден аса техника мен автокөліктер бар. Аталмыш



серіктестіктің директоры Сапарбек Сентіргабевтың мәлімдеуінше, биылғы жылы кәсіпорында жұмыс және кіріс көлемі 115 пайызға артығымен орындалып, 207 млн теңге қосымша кіріс кірген.

Серіктестік алаңында шиномонтаж, агрегат, қайта өңдеу, дөңкерлеу, мыспен еріту және соңғы жылдары салынған көліктерге қызмет көрсету цехы бар. Қызу еңбек қарқыны қалыптасқан еңбек ұжымында неше түрлі қызмет атқаратын көліктер қантарылып тұрған жоқ. Бірі жұмыс үстінде болса, екіншісі жөндеуден өтіп жатыр.

— Казіргі таңда жөндеуде 27 әртүрлі көлік тұр. Электр цехында 10 жылдан бері жұмыс жасаймын. Тәуелсіздік жылдарында еліміздің өсіп-өркендеуінің, дамуының көрінісін қай саладан болса да байқауға болады. Мен осында жұмысқа тұрғалы бері электр цехына жанарту, жанғырту жұмыстары жүргізіліп, жана құрал-жабдықтармен толықты. Өндірістегі озық тәжірибелердің арқасында көліктерді жөндеудің жана әдістері қолданылуға, — деді электр цехының жұмысшысы Бекзат Шамғұлов.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына сервистік қызмет көрсететін «Ойл сервис компани» ЖШС қарасты Жетібай сервистік өндірістік басқармасы басшысы Омар Ондасыновтың айтуынша,

бұрғылау бригадалары биылғы жылдың жоспарын осыдан 10 шақты күн бұрын орындап, 2017 жылдың жұмысын бастап кеткен. Күрделі жөндеу бойынша биыл 209 ұңғыны бұрғылау жоспарланған болса, 249 ұңғыға бұрғылау жұмыстары жүргізілген.

— Тәуелсіздік алып, ел еңсесі көтеріле қоймаған шақта мұнайшылар уақытында жалақысын

ала алмай, орнына тамақ пен киім алған кездері болды. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлденгеннен кейін мұнайшылардың жағдайы жақсара бастады. Жалақы уақытында төленіп, әлеуметтік көмектер қарастырылды. Өндірістік басқармада бұрғылау, химиямен жұмыс жасайтын, көтергіш агрегат, арнайы техникалар, технологиялық транспорт, жер асты және күрделі жөндеу цехында Қазақстанда жасалған озық үлгідегі технологиялар қолданысқа енгізілді. Мәселен, мұнайшылар Петропавлда өндірілген күрделі жөндеу цехында көтергіш агрегаттарын өндірісте қолданып отыр. Бұл — Тәуелсіздік алған жас мемлекетте мұнайшылардың басынан өткерген қиындықтары артта қалғанының көрінісі деп ойлаймын, — деді «ОСК» ЖШС Жетібай



сервистік өндірістік басқармасы басшысы Омар Ондасынов.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ

Жуырда Қарақия ауданы, Болашақ ауылдық округіне Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы ат басын тіреді. Шалғайдағы халықтың алғысы мен құрметіне бөленген поезд жолаушыларын маңғыстаулықтар құшақ жоя қарсы алды.

Еліміздің қастерлі мерекесі — Тәуелсіздік күніне орай жолға шыққан «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы киелі Маңғыстау жеріне де келді. Халықтың көкейкесті мәселелерін шешу мақсатында қоғамдық қабылдаулар өткізіп, қамқоніл жандардың мұн-мұқтажын тындап, келеіі кеңестер беріп, науқастар дертіне дауа, көңіліне сеп болған пойыз құрамындағы мамандар бірқатар аймақтарда ілкімді істер тындырды.

«Тәуелсіз Қазақстан» пойызы республикалық акциясы аясында «Болашағымыз — Бірлікте» форумы өтіп, жиналғандарды облыс әкімінің орынбасары Бану Нұрғазиева, пойыз штабының басшысы Әміржан Әлпейісов Тәуелсіздік күнімен құттықтап, еліміздің дарқан даласын аралап, халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысып, әлеуметтік көмек көрсетуді көздеген «Тәуелсіз Қазақстан» пойызының мақсат-міндеттерін айтты.

Облыс әкімінің орынбасары Б.Нұрғазиева «Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында жолға шыққан пойызбен келген өз ісінің мамандары «Болашақ» ауылдық округі тұрғындарының көкейіндегі сауалдарын жауапсыз қалдырмай, мазалаған мәселелерін түйінін табуға септесер деген үміттемін. Бүгінде ауыл жыл санап өсіп, әлеуметтік нысандар бой көтерді. Болашақта әлі де талай жарқын жобалар жүзеге асады деп сенемін.



мен аудандарынан келген делегациялар, азаматтық қоғам институттарының жетекшілері және белсенді жастар қатысты. Саликалы сөздер айтылып, өсем әндер шыркалды.

«Тәуелсіз Қазақстан» пойызы акциясы шеңберінде «Болашақ» тұрғындарына әлеуметтік, құқықтық, ауыл шаруашылық, медициналық қабылдаулар ұйымдастырылды. Қоғамдық қабылдау барысында

шешуге атсалысқан. Оның айтуынша, заң жөнінде ұсыныстар көп болды. «Біз халыққа алдымызға қойған мәселелерді үкіметке жеткіземіз деген сөзімізді бердік. Пойыз құрамында 270-тей адам: 7 министрліктің, 3 ұлттық компанияның білікті мамандары, дәрігерлер бар. Шағын қала мен аудандардың қарбалас тіршілігіне күй болып, халықтың әл-ауқатын көріп, қол ұшын беру, мұн-мұқтажын, талап-тілегін ескеру, ел бірлігінің маңызын жеткізу — «Тәуелсіз Қазақстан» пойызының басты мақсаты. Оған қол жеткізу үшін

азаматтардың арыздары тыңдалып, жан-жақты талқыланды. Қабылдауға келген жандар жеке мәселелерінің оң шешіміне риза болып тарасып жатты.

«Тәуелсіз Қазақстан» пойыз штабының жетекшісі Әміржан Қайырұлының айтуынша, «Болашақ» бекеті Астана қаласынан 1 қараша күні жолға шыққан «Тәуелсіз Қазақстан» пойызының жиырмамыншы аялдамасы. Осы 25 күнде 39000-ға жуық адамды қабылдаған. Оның ішінде 7500 адамға медициналық көмек көрсетіліп, 4000-нан аса адамға жеке мәселелерін

Әлемнің алпауыт елдері қатарынан орын алған еліміз бірлігімен, ынтымағымен, бейбітшілігімен белгілі. Қазақстан дамуы қарқынды, өркендеу жолындағы қадамы нық. Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтаған еліміз биік белестерді бағындырып, мерейі үстем бола бергей», — деп жылы лебізін білдірді.

Форумға облыстың мемлекеттік органдары мен ұйымдарының басшылары, мәслихатының депутаттары, кәсіпорын басшылары мен бизнес өкілдері, өңірдің қалалары



республикалық акция мүшелері бірлік пен бейбітшілікті ту етіп, жасампаздық жолын жемісті жалғастыруда», — деді ол. Сондай-ақ Ә.Қайырұлы биыл еліміз үшін ерекше жыл екенін атап өтті. Сондықтан ешбір ауыл, ешбір елді мекен тұрғындары ұлы тойдан тыс қалмасын деген ниетпен осы ауқымды шараны ұйымдастырған. Ол өз сөзінде шалғайда жатқан халыққа Елбасының сәлемін жеткізіп, елмен бірге болып, мерейлі тойымыз алтын бесік — ауылда басталсын деген тілекпен келіп отырғанын жеткізді.

Ханым ҚУАТ
Суреттерді түсірген
Талант ҚУСАЙЫН

www.jasqazaq.kz

Маңғыстау облысында ел басына күн туып, неміс басқыншылары тұтқиылдан өліміздің тыныштығын бұзған зұлмат жылдарда парыз бен намысты алға қойып, өлі мен жері үшін аянбай күрескен қайсар мінезді жауынгерлеріміз бен тылда тынымсыз еңбек еткен ата- әжелеріміздің ерен еңбегіне қапысыз құрмет көрсету үрдісі жарасымды жалғасын тауып келеді. Осы үрдіске үн қосқан облыстық кәсіпкерлік және сауда басқармасы, «Каспий-Берекет» ЖШС және Ш.Есенов атындағы

Түрікменстанның шекара күзетінде әскери борышымды өтедім. 1947 жылы елге оралған соң, теміржол саласында еңбек еттім. Бүгінде 2 ұл, 4 қызымнан өрбіген немере, нементайларымның ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатырмын. Бұрын қазіргідей тыныш, бейбіт, молшылық заман болған жоқ. Кейінгі ұрпаққа айтарым, Тәуелсіздікті қастерлеп, қадірлеп, аялай біліңдер», — деді.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ-дің тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Гүлсара Жолдасбаева Тәуелсіздікті аманат еткен ата-баба ерлігіне кейінгі ұрпақ мәңгі қарыздар

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ



Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің ұжымы Қарақия ауданы Мұнайшы ауылында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Күбір Тілешовті Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтай барды.

Ұрпаққа ұран болған ерен ерлікке тағзым етіп, ардагерлерді ардақтау салтын жалғаған аталған университеттің басшылары мен мемлекеттік қызметкерлер Ұлы Жеңістің 70,71 жылдық мерекелерінде Күбір атамның шаңырағында қонақта болып, сый-құрмет көрсеткен-ді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Күбір Тілешов «1942 жылы 16 қыркүйекте 18 жасымда әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышымды өтеуге аттандым. Өзім сияқты жастармен бірге қып-қызыл майданға кірдік те кеттік. Сөйтіп, Жапонияны күн-түн демей жаудан азат еттік. Соғыс біткеннен кейін

екендігін, сол зұлмат жылдарды көзбен көрмесе де, зарықтырып жеткен Жеңістің, баянды еткен бейбіт күннің қадір-қасиетін ұмытпайтынын жеткізіп, қарияға мықты денсаулық тіледі. Аталмыш жоғары оқу орнының кәсіподақ комитетінің төрайымы Дәмат Татанова Ұлы Жеңісті жақындатуға майдан даласында кеудесін оққа тосып, Отан үшін от кешкен ардагерге ұзақ ғұмыр тілеп, суреттер жиынтығынан құралған альбомды тарту етті. «Каспий-Берекет» ЖШС директорының орынбасары Максат Бекжұмабаев қарияны алда келе жатқан мерекемен құттықтап, азық-түлік қоржынын табысталады.

Қонақтарды жылы шыраймен қарсы алған атамның қонақтарға алғысын білдіріп, көңілі бір марқайып қалды. Осы шаңырақта айтылған мерекелік лебіз, ілтипат пен шынайы пейіл карт көңілді жадыратты.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ

«ЖАҢА СЕРПІН» БЕРГЕН БАҒДАРЛАМА

Осыдан екі жыл бұрын Маңғыстау өңірлік әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту басқармасы бастамасымен «Жаңа серпін» білім беру мен жұмыспен қамту бағдарламасы іске қосылған еді.

Быттыр жана жоба негізінде орталық құжаттары жасакталып, биыл жүзеге аскан жұмыстар өз нәтижесін берді. Жуырда ғана аталған бағдарлама аясында 15 азамат кәсіби біліктілігін жетілдіру бойынша оқу курсың тәмамдап, арнайы сертификаттарға қол жеткізді. Жана кәсіпті жетік игерген жұмысшылар қатарында жастармен қоса, аға буын өкілдері де бар. Бәрі дерлік тәртіп пен талапқа сай тың іске бітек сыбана кірісіп, үйіріп алып кеткен көрінеді. Аға шеберлер мен тәжірибелі мамандар бағдарлама қатысушыларының талап-тілегі мен ынта-ықыласына дәл риза. Бұл жолы бір топ еңбек адамдары екі мамандық бойынша білім алды. Бір бөлігі машинист, ал өзгесі қайта өңдеу технологиясы кәсібіне бейімделіп, «Ақтау» халықаралық теңіз порты, №3 өндірістік аумағында орналасқан зауытта тәжірибеден өтті. Ендігі ретте Мұнайлы, Бейнеу және Өзеннен бас қосқан жұмысшылар «Керамзит» кәсіпорны мен құрылыс материалдарын өндіретін зауытта еңбек ететін болады.

«Жана серпін» мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы 297 адам жұмысқа орналасты. Биыл 17 кәсіпорынмен арнайы меморандумға қол қойылды. Өзара келісім жүзінде 150 адам кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарында оқуы тиіс болатын. Бүгінгі таңда 135 жұмыссыз оқу курсың сәтті тәмамлады. Оның ішінде 15 азамат арнайы сертификаттарға ие болып, жұмысқа орналасты. Бағдарламаның басым бағыты — ең алдымен, шалғай ауылдар мен еңбек күші шамалан тыс елді мекендер халқын жұмыспен қамту. Қазіргі таңда Бейнеу, Түпқараған

аудандары мен Өзен қаласы халқы осы тізімге енеді. Себебі аталған аудандар мен қалаларда халық саны көп, сонымен қоса қосымша өндіріс көздері жоқ. Жетібай, Мұнайшы сынды елді мекендерде тұрғындардың басым бөлігі мұнай-газ саласында еңбек етеді. Сол себепті халықты экономиканың басқа саласына бағыттау, жана кәсіп түрлеріне бейімдеу



мақсатында ұстаналды», — дейді «Жана серпін» орталығы МКК директоры Қайрат Рысбаев.

Орталық директорының сөзіне сүйенсек, бағдарламаға қатысуға ниет танытқандардың жас шамасына шектеу қойылмайды. Мекенжайы туралы және жұмыссыздығы мен жалпы білім беретін орта мектепті тәмамдағанын растайтын құжат талап етіледі. Қандай да бір қосымша білім алғандығы жөніндегі арнайы сертификаттар болса құба-құп. Қайрат Рысбаев «Барлық қалалар мен аудан орталықтарында жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау басқармасы бөлімшелері қызмет етеді. «Жана серпін» орталығы осы бөлімшелермен тығыз байланыс жасайды. Сондықтан ауыл-аймақтағы азаматтар осы бөлімшелер арқылы толық мәліметке қанығып, белсенділік танытса, игі», — деп атап өтті

Голрох ЖЕМЕНЕЙ
Сурет: Серік МАЙЕМЕРОВ



СЕРПІН

E-mail: jas_gazaq@mail.ru

www.jasgazaq.kz



Мәңгістай

Дәл осы күні облыс орталығында 49 сәби дүние есігін ашты. 31-і облыстық перинаталдық орталықта және 18-і Ақтау қалалық перзентханасында. Оның 28-і ұл, 21-і қыз бала. Жас аналарды мерекемен құттықтауға облыстық перинаталдық орталыққа облыс әкімінің орынбасары Бану Нұрғазиева мен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марал Қадыр арнайы барып, сыйлықтарды табыстады.

— Бүгін біздің орталықта 31 бала дүниеге келді. Оның 19-ы ұл және 12-сі қыз бала. Осы күні өмірге келген барлық нәрестелердің денсаулықтары жақсы, жас аналар да өздерін жақсы сезінеді. Әр сәбидің өмірге аман-есен әкелу де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан да барлық жағдайды жасап, жас аналарымыздың қасынан



табыла білген акушер-гинекологтардың да еңбегі зор. Нәрестелер ата-аналарының қуанышы болып өссін деймін. Әр үйден сәбидің күлкісі кетпесін. Жалпы туу көрсеткіші жағынан біздің облыс республикамызда көш бастап тұрғанын мақтанышпен айта аламыз, — деген облыстық перинаталдық орталығының директоры Жамал Жаманбаева жыл басынан бері орталықта 7 мыңға жуық нәресте өмірге келгенін, оның 74-і егіз, 2-уі үшем екенін атап өтті.

Мереке күні сәбидің өмірге әкелгендердің қатарында Маңғыстау ауданы Жыңғылды ауылының тұрғыны Ақмаржан Балмағамбетова да бар. Алтыншы баласын босанған ананың

денсаулығы жақсы, көңіл-күйі де көтеріңкі. — Ұлымды таңғы сағат 8:30-да аман-есен босандым. Салмағы-4 келіден асады. Дәл осы күні өмірге әкелгеніме өте қуаныштымын. Мерекеле бізге көңіл бөліп, арнайы құттықтауға келген басшыларға алғыс айтамын. Өзім алты баланың анасымын, үлкен қызым Зухра студент, болашақ ағылшын, француз тілінің маманы. Жолдасым Мереке мұнай саласында еңбек етеді. Мен тігіншілікпен айналысамын, үйдің ең кіші келінімін, — дейді 40 жастағы келіншек Ақмаржан Балмағамбетова.

Сондай-ақ Ақтау қалалық жастар орталығының ұйымдастыруымен Тұңғыш Президент күніне және де



Биыл еліміз үшін ең ұлық мереке Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерекесін атап өтеміз. Тәуелсіздік жылдары ішінде көптеген табысқа қол жеткіздік. Оның ішінде білім саласында біраз жұмыс атқарылып, еңсесі тіктелді. Тәуелсіздік алған жылы аймағымызда 113 балабақша жұмыс істеп, онда 23496 бала тәрбиеленді. Ал 81 орта мектепте 65971 оқушы білім алса, 7 кәсіптік-техникалық училищеде 4286 студент оқыды. 2016 жылы балабақшаның саны 242-ке жетіп, онда 32491 бала тәрбиеленуде. Ал 146 мектепте 121211 оқушы білім алуда. 26 кәсіптік және техникалық білім беру ұйымында 22453 студент бар.

1991-1992 жылдары бірінші кезекте халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында экономиканы дамыту басталды. Екінші кезекте білімді дамыту жолға қойылды. Білім беруде саралап оқыту жұмысы қолға алынды. Бұл кезде 24 вариантта базистік оқыту жоспары енгізілді. Білім ошақтарында кадр жетіспеушілігі мәселесі өзекті болатын. 1992 жылдың қыркүйегінде облыс мектептерінде 900-ден астам мұғалім жетпеді. Әсіресе, Ақтау қаласының мектептерінде бітіруші түлектер «математика оқытылмады», «физика оқытылмады», «химия оқытылмады» деген жазумен аттестаттар берілді. 1993 жылы кадр тапшылығын жою мақсатында Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының Ақтау қаласында филиалы ашылды. Облысымызда жаңа типті мектептер гимназия, лицейлер бой көтере бастады. Пәндерді тереңдете оқытуға көңіл бөлініп, 90 орындық казак-түрік лицейі жұмысын бастады. Облыста өлке мұнайын игеруде жергілікті жерден мамандар даярлау мақсатында Қазак политехникалық институтының филиалын ашуға жұмыс жүргізілді.

Маңғыстау облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Айжаксы Тұржанова «Бүгін, сол жұмыстардың нәтижесінде Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінен бірнеше институттар ашылды. 1992-1998 жылдары жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруда және пайдалы істерге бұру мақсатында «Жас тенісшілер клубы» ашылды. Сонымен қатар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тәрбиеленетін «Облыстық балалар үйі» Жанаөзен қаласынан ашылып, онда 68 тәрбиеленуші болды. Бұған дейін облыстағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар Атырау қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленіп келді», — дейді.

Бүгінде жаңа буын отандық авторлар жазған оқулықтар бойынша білім алуда. 1998 жылы білім жүйесіне білім берудің алғашқы мемлекеттік стандарты енгізілді. Одан бөлек, облыстағы училищелер колледж мәртебесіне ие болды. №6 кәсіптік-техникалық училище кәсіптік-техникалық лицей болып қайта құрылды. Бұл жылдары облысымызда № 2,3,4 арнайы түзету мектептері іске қосылды.

— Тарихи отанына оралған қандастардың балаларына білім беруді жалғастыру үшін аудандар мен қалаларда арнаулы дайындық курстары ашылды. Олардың алғашқы легіндегі сегіз бала Ақтау университеті жаңындағы дайындық курсын бітіріп, бір жылдан соң сонда оқуға

БІЛІМДІ ҰРПАҚ, БІЛІКТІ ҰСТАЗ



жылдан бастап 12 жылдық білім беруге көшуі зерделеп, енгізу үшін 12 жылдық білім беруді ғылыми-практикалық орталығы құрылды.

2000-2006 жылдары мектептерді жаппай компьютерлендіру жұмысы қолға алынды. 2004 жылдан бастап оқушылар білімін бағалаудың жаңа жүйесі ҰБТ енгізілді.

«Балапан» республикалық бағдарламасына сәйкес, балабақша ғимараттары салына бастады. Мемлекеттік жекеменшік серіктестігі аясында жекеменшік балабақшалар пайда болды. Жекешелендірілген балабақша ғимараттарын қайтару қолға алынды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған облыстық мектеп-интернат, оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталықтары құрылды. Халықаралық казак тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасы ұйымдастырылды.

— Бүгінгі таңда білім беру саласы жаңа оқу жылын тың өзгерістермен, жаңа серпілістермен бастады. Елімізде үш тілде білім беру жүйесіне көшу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі өзгеріс-казак сыныптарында орыс тілін, орыс сыныптарында казак тілін 1-сыныптан бастап енгізу және сөйлеуге үйрету. Ал 2013 жылдан бері ағылшын

Елбасының ғана емес, елдің мерекесіне айналған 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні ақмаржан Ақтау қаласында жоғары деңгейде аталып өтті. Сағат тілі таңғы 9:00 көрсеткенде «Астана» алаңында спорттық жарыстар басталды. Жастар ұлттық спорт түрлері асық ату, арқан тартудан, кір тасын көтеру, қол күшін сынасудан бақтарын сынады. Топ жарғандар алғыс хаттармен марапатталып, бағы жанғандар бағалы сыйлықтарға ие болды. Одан бөлек, «Астана», «Ақтау», «Ынтымақ», «Достық» сауда орталықтарында жергілікті өнерпаздардың қатысуымен концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойына орай «Президент туралы 100-сұрақ» атты зияткерлік байқауы өтті. Шараға қала тұрғындары мен жастар белсенді қатысып, арнайы жүлделерге ие болды. — Байқау «Астана» ойын-сауық кешенінде өтті. Сауда орталығына келген қала

ұйымдастырудағы басты мақсат — тұрғындарға Елбасының өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру. Жастарымызға Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып, Отанын, халқын сүйуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу, — дейді Ақтау қалалық жастар орталығының зерттеу және болжау бөлімінің жетекшісі Қуандық Баймұханов.



тұрғындары мен қонақтарына Тұңғыш Президентіміз туралы сұрақтар қойды. Мерекелік шараға қала тұрғындары, жастар мен қала қонақтары белсенді түрде қатысты. Жөнімпаз атанғандарға кинотеатрға жолдама табыстады. Шараны

Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған шара «Достық үйінде» өткен «Жайдарман» ойындарымен қорытындыланды. Маңғыстау облысы Қазақстан Халқы ассамблеясының кубогі сарапқа салынған саймса биылғы жылы үздік танылып, финалға өткен 4 команда қатысты.

Ұтымды қалжың, өткір әзілмен ерекшеленген Мұнайлы ауданының «Ойнап айтам» командасы үздік танылып, бірінші орынды иеленді. Екінші орынға «Атамекен жастары» командасы лайық деп таныла, үшінші орыннан түпқарағандық «Маршал» командасы көрінді. Маңғыстау облысының Қазақстан Халқы ассамблеясының кубогі — «Маршал» командасына табысталды.

тілі 1-сыныптан бастап енгізілген болатын. Басты мақсат — оқушыларға казак, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерту. Ол үшін орыс сыныптарындағы казак тілін, казак сыныптарындағы орыс тілін және барлық сыныптардағы ағылшын тілін оқытудың бірыңғай жаңа әдістемесі енгізілуде. Басымдық казак тіліне беріледі, — дейді Маңғыстау облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Айжаксы Тұржанова.

2015 жылы орыс сыныптарындағы казак тілін денгейлеп оқытудың оқулықтары мен бағдарламалары жасақталып, республика бойынша 41 мектепте (облыста екі мектеп — Ақтау қаласында №14, Жаңаөзен қаласында №3) апробация жүргізілді. Үш тілде білім беруге көшу

БІРЛЕСЕ КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Маңғыстау облысының «Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ел Тәуелсіздігіне – 25 жыл: Бізгеміз – Мықтымыз» азаматтық форумы өтті. Оған ауыл әкімдері, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.



Аталған форум аясында «ҰЕҰ аймақтық даму мен жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуы», «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асырылуы» тақырыптары бойынша сұхбат аландары өткізілді.

Алғаш сөзді алған «Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянсы» ЗТБ президенті Жібек Ахметова «100 нақты кадам» Ұлт жоспарының 97-98 кадамдары жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталғанын, елімізде 2016-2020 жылдарға арналған мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың іс-қимыл жоспары және жергілікті өзін-өзі басқару туралы арнайы заң қабылданып, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін атап өтті. Аймақта жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға назар аударылып, бұл ілімді іске мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ етене қатысуы бойынша пайымды пікірлер, орамды ойлар ортаға салынды.

— Жергілікті өзін-өзі басқару — мемлекеттің жергілікті маңыздағы мәселелерді шешу мақсатында жасалатын басты міндеті, — деді ұлттық экономика министрлігінің бас сарапшысы Бахтияр Қалабаев. — Оның жүзеге асырылуы — жергілікті халықтың бақылауында болуы тиіс. Яғни халық мемлекетпен тығыз қарым-қатынаста болып, ауыл, округ, село, кент әкімдерінің аппаратымен бірлесіп жұмыстануы керек. Бүгінде заңнамалар халықтың жергілікті маңыздағы түйткілді мәселелерді шешуге белсене қатысуын қарастырады. Мемлекет үкіметтік емес ұйымдармен тізе қосып қызмет етуі арқасында жергілікті халықты толғандыратын мәселелер шешіліп, жұмыстар тындырылмақ. Зандағы жаңа өзгерістерге сәйкес, төртінші дәрежедегі бюджет енгізіліп, селоларда жеке коммуналды меншігі



болады. Онымен қоса, жергілікті қоғамдастыққа жергілікті маңыздағы мәселелерді тиімді түрде шешу және қаражатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін қосымша өкілеттіктер мен қызметтер беріледі. 2018 жылдан бастап халқы 2 мыңнан астам селолық округтерде, 2020 жылы еліміздің барлық елді мекендерінде төртінші дәрежедегі бюджет енгізілетін болады. Осыған орай, ауыл әкімдері қоғамның арыз-шағымын ескеріп, сөздеріне құлақ түріп, жұмыс істеуі қажет. Ал олардың арасын байланыстыратын көпір — үкіметтік емес ұйымдары болмақ, — деді ол.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға ҰЕҰ-ның қатысуы жөнінде «Жастар жетістіктері» қоғамдық қорының директоры Жаксыгүл Маханбетова баяндама жасады. Оның сөзінше, бұл маңызды үрдіске қатысуға үкіметтік емес ұйымдардың құқығы бар. Жергілікті өзін-өзі басқару, мемлекеттік қызметтер, қоғамдық кеңестер, мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыстар туралы заңдар ҰЕҰ-ға мемлекеттік рәсімдерге қатысуға



құқықтық негіз береді. Ж.Маханбетова «Облыста 300-ден астам ҰЕҰ тіркелген. Оның 50-ден астамы мемлекеттік-әлеуметтік тапсырысқа қатысқа, 20-ға жуығы қоғамдық кеңестердің жұмысына атсалысады. Ауыл әкімдері жергілікті қоғамдастыққа ҰЕҰ қосып, жергілікті маңызды мәселелерде шешім қабылдау

процесіне қатыстыруы керек. Өз ауылдарындағы белсенді, атпал азаматтарды, қоғамдық ұйымдарды жергілікті қоғамдастыққа шақыруға болады. ҰЕҰ қайырымдылық шаралар, бюджетті мекемелердің әлеуетін көтеретін, қызметкерлерін жеке қабілеттерін арттыратын семинар-тренингтер ұйымдастырып жүр. Менің ойымша, әкімшілік мемлекеттік басқару ісімен, әлеуметтік мәселелер шешумен айналысып, қайырымдылық, мәдени шаралар, байқаулар, сенбіліктерді қоғамдық ұйымдардың еншісіне қалдыру қажет», — деді.

Ханым ҚҰАТ
Суреттерді түсірген
Серік МАЙЕМЕРОВ

Бетті дайындаған Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ

Маңғыстау облысының «Азаматтық альянс» заңды тұлғалар бірлестігі журналистерге арналған «Алтын қалам» және үкіметтік емес ұйымдар арасында «Көшбасшы үкіметтік емес ұйымдар-2016» байқауын ұйымдастырған-ды. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орайластырылған байқаудың жеңімпаздары салтанатты түрде марапатталып, құрметке бөленді.

Марапаттау рәсімінде алғашқы сөз облыс әкімінің орынбасары Бану Нұрғазиева берілді: «Құрметті салтанатты шараға қатысушылар! Баршанызды еліміз үшін ең ұлық мереке Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен құттықтаймын. Облысымызда өтіп жатқан әртүрлі маңыздағы шараларды баспасөз бетіне жазып, телеарнада көрсетіп, халыққа насихаттап жүрген бұқаралық ақпарат өкілдеріне алғыс білдіремін. Тындырымды, нәтижелі еңбектеріңізге жеміс тілеймін. Мемлекет пен қоғам арасында байланыс орнататын үкіметтік емес ұйым өкілдерінің де қызметіне ризашылығымды білдіремін. Екі байқауда үздік деп танылған жеңімпаздарды құттықтаймын».

Журналистика саласының ардагерлері Петр Долматов пен Есберген Інірбайұлы

қызығы мен киындығы мол саланың қазанында қайнап, бір терінің пұшпағын илеп жүрген қауым өкілдерін әртүрлі аталымдар бойынша марапаттады. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», «Дені сау ұлт – ел болашағы», «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» аталымдары бойынша облыстық «Маңғыстау» газетінің тілшілері Фарид Мұңалқызы, Венера Мирлан және Голрох Жеменей жеңімпаз деп танылды. Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» газетінің тілшісі Милана Елеусінова «Менің елім – Мәңгілік ел», Маңғыстау жаңалықтар жаршысы

7292info.kz сайтының редакторы Айгүл Дәден «Экология» аталымы бойынша марапатталды. Сондай-ақ, «Тәуелсіздік тағылымы – ұлт тарихы» номинациясы бойынша апталық «Тумба» газетінің тілшісі Нұрғаным Имашева жеңімпаз атанса, «Ауылым – алтын бесігім», «Тұлға», «Туған жерім – тірегім» аталымындарында Қазақстан-Ақтау телеарнасының тілшілері

РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Олимпиадасының күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетовтің құрметіне арналған «Адока» киім үлгісінің көрсетілімін ұсынды. Мерейлі шараның сыйлы қонақтары жайылған дастарқан басында жергілікті өнерпаздардың орындауындағы әсем әндерді тыңдады.

— «Алтын қалам» байқауына өткен жылы қатысып, жүлделі орынды иеленген болатынымын. Биыл да үздік журналистердің қатарынан көріндім. «Маңғыстау-Медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты газет пен сайтта еңбек ететін журналистер 5 аталым бойынша үздік деп танылды. Бұл – біздің ұжымымыздың жетістігі. Біздің осы жетістігімізде бас редакторымыздан бастап, бет құрушы дизайнерлердің, кате

түзететін корректорлардың да үлкен еңбегі жатыр. Барлық әріптестерімді қуанышыммен құттықтаймын, — деді әріптесім Голрох Жеменей.

Облыс әкімінің орынбасары Бану Нұрғазиева 2016 жылдың сала көшбасшысы атанған Маңғыстау облыстық «Азаматтық альянс» заңды тұлғалар бірлестігін, «Эко Маңғыстау» үкіметтік емес ұйымын, «Маңғыстау облыстық тұтынушылар құқығын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігін, «Жастар жетістіктері», «Шанырақ», «Алас құқық қорғау орталығы», «Мейірім», «Ұрпақ-Next» қоғамдық қорларын, «Жас Отан» корпоративтік қоры, «Рай» шұғыл әлеуметтік көмек көрсету орталығы жекеменшік мекемесін дипломмен марапаттады. Маңғыстау облысының «Азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Жібек Аманбайқызы бірлестіктің серіктестеріне алғыс хат табыстады.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ

АЛТЫН ҚАЛАМ ИЕЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



Ақсындар Шораева, Жұмазия Оразай және Әйгерім Ашықбаева үздік шықты. Жеңімпаз журналистерге алғыс хат, алтын қалам мүсіні және қаржылай сыйлық пен гүл шоқтары табысталды.

Маңғыстау облыстық «Азаматтық альянс» ЗТБ президенті Жібек Ахметова «Алтын қалам» облыстық байқауына ағымдағы жылдың тамыз бен қараша айларында қазақ, орыстілді баспа және электрондық БАҚ-та, телеарналарда шыққан журналистердің авторлық жұмыстары қабылданды. Әрбір үміткер байқауға қатысу үшін ережеге сәйкес сұраныстарын рәсімделі. Байқауға 10 номинация бойынша 25 журналистен 53 жұмыс келіп түсті. Жеңімпаздарды журналистика саласының ардагерлерінен және қоғам қайраткерлерінен құрылған комиссия анықтады, — деді.

Салтанатты сөтте көпшілік назарына кәсіпкер Рима Жанабайқызы Рио

Маңғыстау жастары топ жарды

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай облыс орталығында дзюдодан халықаралық турнир өткен болатын. Дәстүрлі түрде жетінші рет ұйымдастырылған жарыс КСРО спорт шеберіне үміткер Баламұрат Ақшабаевтың жүлдесіне арналды. Спорт бөйгесіне еліміздің Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан және көршілес Әзірбайжан мен Грузия мемлекеттерінен келген 2000-2004 жылы туған 315 балуан қатысып, боз кілемде белдесті.

— Баламұрат Ақшабаев менің туған жездем. Маңғыстау спорты жайында айтылса, Әмин Тұяковтың еске түсетіні рас. Алайда Маңғыстаудан шығып, еркін күрестен облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда топ жарған балуандар санаулы ғана. Солардың арасында КСРО спорт шеберіне үміткер атанған спорт санлақтарының бірі — Баламұрат Ақшабаев болатын. Өмірден ерте кетсе де, артына үлкен жетістіктері мен толағай табыс қалдырды. Әкесінің атын өшірмей, жыл сайын ұрпақтары осындай кең ауқымда дзюдодан турнир өткізіп тұрады. Алғашқы кездері аудандық деңгейде өткізілген турнир, міне, республикалық ауқымда ұйымдастырылып отыр, — дейді зейнеткер-ұстаз Оразғали Өтеуліұлы.



Бір күнде – 25 медаль



Дзюдодан ұйымдастырылған жарыс 2-3 желтоқсан күндері облыстық «Жастар» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде өтті. Дүбірлі доданы тамашалауға келген спорт жанкүйерлерінің де қарасы көп болды.

Маңғыстау облыстық «Жастар» БЖСМ бапкері, жарыстың бас төрешісі Талғат Есекенов «Байрақты бәсекеде облыс намысын 50 балуан қорғайды. Бүгін жарыстың алғашқы күні 2000-2001 жылы туған 110 спортшы боз кілемде белдеседі. Турнирдің басты мақсаты — жас спортшылардың шеберлігін шыңдау, жасөспірімдер арасында салауатты

жылы туған жасөспірімдер облыс қоржынын ұлдар 4 алтын, 2 күміс және 13 қола медальдармен толықтырды. Сондай-ақ маңғыстаулық қыздар 2 алтын, 3 күміс және 1 қола медальдарға ие болды. Маңғыстаулық Нұрбол Нұрсұлтан (46 келі салмақта), Нұржас Қуандық (55 келі салмақта), Нұрхан Қалдыбаев (81 келі салмақта), Мұхамбет Зұлкарнаев (+81 келі салмақта), Жанбота Мұқанова (40 келі салмақта), Гүлнұр Максейтова (+70 келі салмақта) алтынмен апталды. Бірінші, екінші орын алған балуандарға ҚР-ның «Спорт шеберіне үміткер» деген атағы да қоса берілді.

өмір салтын насихаттау, жас спортшылардың республикалық жарыстардағы тәжірибесін нығайту. Турнир биыл жетінші рет өткізілгелі отыр. Бұл турнир осыдан жеті жыл бұрын аудандық, кейін облыстық деңгейде ұйымдастырылды. Географиялық ауқымы кеңейіп, халықаралық деңгейге көтерілді. Жарысты ұйымдастыруға қолдау көрсеткен облыстық спорт басқармасының және облыстық дзюдо федерациясының басшылығына ризашылығымды білдіремін, — дейді. Жарыстың алғашқы күні боз кілемге шыққан 2000-2001

Екі күн бойы облыстық «Жастар» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің залы жанкүйерлерге лық толып, дзюдо күресімен тыныстады. Екінші күні турнирдің шымылдығын ашып, түндігін түрген 2002-2004 жылы туған балуандарымыз 38 келі салмақта Нұрсұлтан Манарбекұлы, 50 келі салмақта Төрекен Қобыланов, 36 келі салмақта Ботагөз Мінажаддин, 52 келі салмақта Маржан Каналиева, 40 келі салмақта Әйгерім Еламанова, 48 келі салмақта Айкүн Рахметова, 63 келі салмақта Мәдина Тенелбаева алтын медальдың иесі атанып, жерлестеріне жеңіс сыйлады.

Ботагөз Мінажаддин «Республикалық жарысқа алғаш рет қатыстым. Өз салмағымда жеңімпаз атанып, алтын медальдың иеленгеніме өте қуаныштымын. Жарысқа дайындаған бапкерім Ерлан Байысбай ағайыма, маған қолдау көрсеткен жерлестеріме ризашылығымды білдіремін», — дейді.

Жүректері мен білектілердің айқасында облыс балуандары 4 күміс және 17 қола медальдарға ие болды. Осылайша, командалық есепте 13 алтын, 9 күміс және 31 қола медальдармен бірінші орынды Маңғыстау облысы еншіледі. 4 алтынмен Грузия мемлекеті екінші орыннан көрінсе, 3 алтынмен Орал қаласы үшінші орынға тұрақтады.



облысының үздік әдіскері» атағымен Сындаргүл Ершорақызы, «Қазақстанның самбо күресінен жастар арасындағы ең үздік бапкер» атағымен елімізге еңбегі сіңген жаттықтырушы Сергей Волобуев, «Қазақстанның ең үздік әдіскері» атағымен Гаухар Чайкузова, өз ісінің білікті мамандары Марина Мишеева, Майра Мустажаева, ақпараттық қолдау көрсеткен «Үздік фотограф» атағымен Акерке Гагаринқызы марапатталды. Сондай-ақ 2016 жылы халықаралық жарыстарда топ жарып, ел намысын абыроймен қорғаған балуандар Азия чемпионы, Әлем чемпионатының қола жүлдегерлері Айболат Мұратұлы, Нұркен Домбаев, Бауыржан Сағынғалиұлына самбо күресінен «Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері атағы» табысталды. Олан бөлек, мәдениет және спорт министрлігінің бұйрығымен Әлібек Құлбарқов, Ерлан Серіков, Ғайса Қалмұханов, Асхат Қапанов, Жомарт Қобланов, Әмірбек Жеңісовке «Дзюдодан ұлттық дәрежедегі төреші» атағы берілді.

Грузиялық бапкер Алекс Гвинашвили «Жарысқа Грузиядан 8 балуан алып келдім. Араларында Грузияның үш чемпионы бар. Сондықтан да жүлделі орыннан көрінеміз деп сенемін. Жалпы, бұл турнирге мен алғаш рет қатысып отырымын. Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өткім келеді», — дейді.

Жерлестеріне жеңіс сыйлады

— Биылғы жыл Маңғыстау дзюдо күресінің тарихында жетістіктерге, толағай табысқа толы болды. Мамыр айында Ақтау қаласында дзюдодан халық батыры «Ер Қосай Құдайкеулы» атындағы халықаралық турнирді өткіздік. Бетпе-бет кездесуде облыстық «Жастар» спорт мектебінен жасакталған құрама команда бірінші орынды иеленді. Жеке салмақта да облыс балуандары жоғары көрсеткіш көрсетті. Олан бөлек, республикалық, халықаралық жарыстарда да балуандарымыз топ жарып, өңір намысын абыроймен қорғалы. Маңғыстау спорт тарихында алғаш рет дзюдодан 23 жасқа дейінгі ерлер арасында балуанымыз Әмірбек Жеңісов Ел чемпионы атанды. Міне, енді облыс орталығында өткен республикалық жарыстың қорытындысында аймақ балуандары 13 алтын медальдың иесі атанып отыр. Мұның өз үлкен жетістік. Жоғары көрсеткіш көрсеткен Жыңғылды спорт интернатының балуандарын да ерекше атап өткім келеді. Бірінші, екінші орын алған балуандарымыз ҚР-ның «Спорт шеберіне үміткер» деген атағын да сәтті қорғалды, — дейді облыстық «Жастар» балалар мен жасөспірімдер бапкері Сергей Волобуев.

Акерке ҚАРШЫҒАТЕП



Миллиондаған адамның өміріне зардабын тигізген Чернобыль атом электр стансасындағы жарылысқа — 30 жыл болды. Атом энергетикасы тарихындағы ең ірі апаттың зардабын жоюға Қазақстаннан 30 мыңдай адам қатысты. Ерен ерлігімен көрінген олардың арасында маңғыстаулықтар аз болған жоқ.

Чернобыль апаты — барша халықтың ортақ қасіреті. Жиналыста апаттың залалсыздандыру жұмысына қатысқандар бас қосып, жарылыс құрбандарын еске түсірді. Ақтаудағы №4 мектеп оқушылары күллі әлем халқының қабырғасын қайыстырған қайғы, құрбан болған жандар жайында өлеңдер оқыды.

— Адамзаттың қасіретіне айналған Чернобыль апаты миллиондаған жанның жүрегін жаралады, ауыр естеліктер қалдырды. Жарылыс болғанда мен оқушы едім. Бала болдық, білмедік. Бірақ кішкентай жүрегімізде қорқыныш ұялады. Қауіпті нәрсе болғанын ұқтық. Чернобыль апатын жоюға қатысқан барлық жанның алдында тағзым етіп, алғысымды білдіремін!, — деп түйінделі сөзін облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Гүлжан исмурзина.

Жиналыс соңында Чернобыль апатын жоюға аталысқан жандар «Чернобыль одағы» кеңесінің шешіміне сәйкес «Пана» объектісін орнату күніне 30 жыл» естелік белгісімен марапатталды.

Ханым ҚҰАТ





www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

АЙНА



Қасиетті қазақ халқының салт-дәстүрі өте көп. Соның бірі – Бәсіре беру. Бұл қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, сол күндері туған құлынды немесе ботаны нәрестенің бәсіресі деп атау салты.

Қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды. Бәсіре мүмкіндігінше

Ең бастысы – сыйлық шын көңілмен жасалу керек. Бәсіре – бір сөзбен айтқанда, қазақ ұлдарының алғашқы жекеменшік малы. Тақымына басқан тұлпары. Жансерігі.

Бәсіре берудің өзіндік жөн-жоралғысы болады. Алдымен, үйірден жақсы жылқының құлыны немесе тайы таңдалып алынады. Содан кейін оны жылқышы жігіттер шалма тастап ұстайды. Шалма тастау да көшпенді ұлдарының өнері. Асауды шалма ғана тоқтатқан. Бәсірені берудің алдында тайдың жал-құйрығы күзеледі. Арғымақ болар тайдың сыны құйрық-жалынан көрінбей ме. Жалды жылқы жолды жылқы.

Бәсіре тайды иесіне сыйлау ерекше сәт. Бала қуанады. Ата мен әже бата береді. Бата – ат пен балаға арнап айтылған алғашқы тілек. Бәсіресін қолына алған бала мен тай қандай

Бәсіре атауды білеміз бе?



жүйрік, жорға әрі біреу болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді. Есейе келе, бәсіресі бар баланың да малға деген ықыласы, пейілі түзу болады. «Бәсіре» – халқының көне ғұрыптарының бірі. Онда дүниеге келген ұл балаға атасы немесе әкесі өрістегі жылқысынан бір құлын атап, осы баланың еншісі-бәсіресі етіп белгілейді. Сол бәсіре – өсіп келе жатқан жеткіншекті болашаққа, жақсы күндерге апаратын көлігі, қанаты болсын дейтін жақсы ырымы. «Бәйгеге салса жүлдесі, долаға түссе қайраты, тойға барса мақтанышы, жауға шапса сенімді серігі әрі қаруы болсын» дейтін ұлы тілегі.

Жылқышы, атбегі Гаухарбек Байысбайұлының айтуынша, қазақ салтында жиеніне, өз немересіне, туысының баласына бәсіре беру – бұл біздің ата-бабамыздың келе жатқан салты. Бәсірені жылқының ішіндегі тайды тандап, жақсы жылқының тұқымын баласына бәсіре қылып берген. Бәсіренің үлкен-кішісі болмайды. Құлыннан бастап үлкен атқа дейін береді.

Жарас
КЕМЕЛЖАН

Қар мен



мұздан тазарды

Жуырда Алматы қаласында Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ұжымы «Таза қала» акциясы ұйымдастырды. Алмалы ауданы әкімдігінің тапсырмасымен жасалған сенбілікке студенттермен қатар академия ұжымы да атсалысты. Нәтижесінде академия ғимаратының маңайы, жаяу жүргіншілер жолағы қар мен мұздан тазартылды.



«Жас қазақ» газетінің ұжымы белгілі журналист, «Қазақстан ZAMAN» газеті Бас директорының бірінші орынбасары Сәуле Мешітбайқызына анасы

Жұмақыз ӘБШҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Жеңімпаз студенттер марапатталды

2013 жылы Алматыда бастау алған форум бүгінгі күні республика деңгейінде жүзеге асырылуда. 4 жыл ішінде форум 5 мыңнан астам білімді, белсенді, талантты, дарынды жастардың басын біріктіріп ғана қоймай, студенттердің жасампаз еңбектерін қолдауға бағытталған бірден-бір алаң. Жана таланттарды ашып, әр қатысушының өміріндегі маңызды кезең және олардың кәсібі өсуі мен шығармашылық өрлеуінде рөлі орасан зор.

Жалынды жастардың басын қосқан айтулы байқау жиналған жұртшылықты да жай қалдырмай, көрерменге рухани ләззат сыйлады. Патриоттық форумның ғала-концертінде мемлекеттік туымыз көкке көтеріліп, Қазақстан Республикасының Әнұранымен бастау алды. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы сөз сөйлеп, байқаудың маңыздылығын атап өтті. Ректор «Бұл шынымен де республика бойынша жастарға арналған ірі жоба деп айтуға болады. Жобаның мақсаты – біздің болашаққа деген

Мағжан сенген қазақ жастары жсарады! Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-да ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және Тұңғыш Президент күніне арналған «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!» патриоттық IV ғала-форумының салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Студент жастардың отанышылдығын, азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған шара республика бойынша төртінші жыл жалғасын табуда. Форум Әл Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Жас Отан» жастар қанаты, «Жандану әлемі» қоры, «Жазушылар одағы» мен Қазақ радиосы білім және ғылым министрлігі және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

сенімімізді нығайту. Биыл ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толып отыр. Әрқайсымызды мемлекет азаматы, патриот ретінде «Мен елім үшін не істей аламын?», «Мемлекет дамуында қосар үлесім қандай?» деген ой толғандыратынын білемін. Осы тұрғыда бүгінгі байқау жастардың ой-толғамын шынайы дәлелдеуі үшін жүзеге асырып отыр. Өйткені, Елбасы айтқандай, Қазақстан Мәңгілік ел болып қалу үшін біз жастарға сенуіміз керек!», – делі өз сөзінде.

Ғала-концертке өнер жұлдыздары мен ҚазҰУ жастары белсенді атсалысты. Бір ай көлемінде еліміздің 63 жоғары оқу орнынан 1,5 мыңнан астам жұмыс келіп түсіп, олардың ішінен оқ бойы оза шапқан 281 автор ғала-форумға қатысты. Белгілі қоғам қайраткерлері, акын-жазушылар күні бүгінге шейін келіп



түскен жұмыстардың тұжырымдылығы мен шығармашылық әлеуетіне қарап саралап, сараптады. Қазылар байқау қатысушыларын арнайы номинациялармен малақтап, бағалы сыйлықтар табыстады. Ал бас жүлде иегерлеріне ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу гранты бұйырды.

Жазерке КАПАТАЕВА



Еліміздің егемендігінің 25 жылдығы, Алматы қаласының 1000 жылдығы мен Тұңғыш Президент күніне орай Қазақ ұлттық аграрлық университеті Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Тәуелсіз елдің жастары – Ұлы дала елінің тірегі» атты көлемді кеш өткізді.

Іс-шара Мемлекеттік Әнұранымен басталып, А.Жұбанов атындағы Халық аспаптар оркестрінің орындауындағы күйге ұласты.

Сондай-ақ салтанатты шара барысында университет телестудиясында дайындалған егемендікке жету жолында халқымыздың басынан өткен әр жылдарды баяндайтын, ел Тәуелсіздігінен, ҚазҰАУ тарихынан сыр шертетін көркемсуретті және шағын деректі фильмдер, оқу орнымыздың бірінші курс студенттерінің сахналауымен бірнеше тарихи көріністер көрсетілді.

Мерекелік кештің жоғары деңгейде өтуіне Әлішер Көрімов, Серік Ибрагимов, Ардак Әлекешов, Ерболат Құдайбергенов сияқты

Жастар - ұлы дала елінің тірегі



қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары да атсалысты.

Шара соңында университет ректоры, ҰҒА вице-президенті, академик Т.Есполов 1-курс студенттеріне салтанатты түрде «Білім кілтін» тапсырып тұрып: «Сан ғасыр бойы

мәдениет саласының үздік қызметкерлері мен ардагерлері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



г.Алматы, Головной офис Тел: 8 727 253 01 14
г.Алматы, пр. Достық Тел: 8 727 225 88 81
г. Алматы, ул Фурманова Тел: 8 7272 670 419
г. Алматы, пр-т Сейфуллина Тел: 8 7272 795 724
г. Алматы, пр-т Алтынсарина Тел: 8 727 303 55 69
г. Алматы, Мик-р. Орбита Тел: 8 727 380 98 87
г. Алматы, ул Ауэзова Тел: 8 7273 75 46 66
г. Алматы, Тү Mart Тел: 8 727 343 51 35
г. Алматы, Трц «Азия Парк», Тел: 8 727 343 59 91
г. Шымкент, пр. Тауке хана, б/н,

www.zugohome.com

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия КАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім
редакторлары:

Жарас КЕМЕЛЖАН —
қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және
руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкал БАЙӘДІЛІЛОВ — Ақмола және

Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Аскар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahnutba@online.no

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттері сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2124; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Ethiud Air ways», «Turkish Airlines», «ВМІ», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.